



## PREZIDENT ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ҚҰРЫЛДЫ

Ақорданың баспасөз қызметі Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы" Жарлыққа қол қойғандығын хабарлады.



Елбасы Жарлыққа жария түрде қол қою рәсімінде сөйлеген сөзінде Шымкент миллионнан астам тұрғыны бар Астана мен Алматы қалаларының қатарына қосылғанын айтты.

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» заңның 3-бабының 1-тармағына сәйкес бүгін мен қол қоятын Жарлық Шымкентке республикалық маңызы бар қала мәртебесін береді. Бұл әкімшілік бірлік еліміздегі он жетінші аймақ болады. Облыс орталығы ғасырлар бойы Қазақ хандығының және бүкіл түркі әлемінің саяси әрі рухани орталығы болған Түркістан қаласына көшіріледі, – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев жаңадан құрылған Түркістан облысында жаңа әкімшілік функцияларды сапалы іске асыру үшін барлық мүмкіндіктер бар екенін айтып, қабылданған шешімнің тарихи мәніне тоқталды.

– Шымкент біздің елдің ғана емес, бүкіл Орталық Азия өңірінің инвестициялар, технологиялар және интеллектуалды ресурстар тартатын жаңа орталығына айналады. Бұл үшін барлық жағдай мен қажетті әлеует бар, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті Шымкенттің республикалық мәртебе алуы оның одан әрі ілгерілеуіне септігін тигізетініне және қаланың алдында жаңа перспективалар ашылатынына сенім білдірді.

– Бұл қадам шаһардың теңгермелі әлеуметтік-экономикалық дамуына және бүкіл өңір тұрғындарының тұрмыс сапасының дәйекті түрде артуына тың серпін береді, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қол қою рәсімінің соңында Мемлекет басшысы Президент Әкімшілігіне, Үкіметке және облыс әкімдігіне Жарлықты сапалы әрі шұғыл іске асыру, сондай-ақ жергілікті мемлекеттік органдар мен мекемелердің үздіксіз әрі тиімді қызметін қамтамасыз ету жөнінде бірқатар тапсырма берді.



## ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ АУДАНДАРҒА ҮЛГІ БОЛУЫ ТИІС

**Кәсіпкерлікті дамыту бағытында Қызылорда қаласы аудандарға үлгі болуы тиіс. Бұл туралы облыс әкімі Қырымбек Көшербаев жаппай кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі кеңейтілген мәжілісте айтты.**

Қазіргі күні қала мен іргелес орналасқан кент, ауылдық округтерде 296 мыңға жуық адам тұрады. Оның экономикалық белсенді бөлігі 123 мыңнан асып, жығылады. 1 маусым күнгі статистикаға қарағанда шағын кәсіпкерлік субъектісінің саны 26 мыңның үстінде. Яғни облыста жұмыс істеп тұрған субъектілердің 48,8%-і облыс орталығына тиесілі. Жылдық айналымы 2 млн теңге болатын субъектілер үлесі – 19,5%. Ендігі міндет – осы көрсеткішті біртіндеп арттыру.

Қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев шағын және орта бизнесті өркендету жолындағы өрелі істерге тоқталды. Айтуынша, биыл 5 айда 1,5 мыңдай кәсіпкерлік субъектісі тіркеліп, 1700-дей жұмыс орны ашылған. 2018-2020 жылдарға арналған жоспар бойынша мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде 600-ге жуық жобаны іске асыру, 1000-нан астам адамды еңбекпен қамту.

# 350

**-ГЕ ТАРТА АДАМҒА БИЗНЕС  
НЕГІЗДЕРІН ОҚИТУ  
ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР.**

– «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасына сәйкес жыл басынан бері құны 398 млн 497 мың теңгені құрайтын 65 жобаға

қаржы ұйымдары қолдау көрсетті. Соның нәтижесінде елді мекендерде 2 наубайхана, бір-бір тігін цехы, қонақүй, автокөлікке техникалық қызмет көрсету орталығы жұмысын жүргізді. «Береке», «Ырыс» бағдарламалары негізінде 5 кооперативтің 138 мүшесі 2814 мүйізді ірі қара сатып алды. Жыл соңына дейін қаржы ұйымдарына тағы 51 жобаның құжаты ұсынылады, – деді қала басшысы.

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы да облыс орталығында кәсіпкерлік субъектілердің қатарын көбейте түсті. Биыл конкурстық комиссия назарына ұсынылған 171 жобаның 52-сі мақұлданды. Ал өткен жылы 29 жобаға қайтарымсыз қаражат беріліп, 70-тей жұмыс орны ашылған еді. Жалпы, мемлекет қолдауының арқасында осы 5 ай ішінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінен түскен салық көлемі былтырғыдан 130%-ке артты.

Облыс басшысы жаппай кәсіпкерлікті дамыту арқылы тұрақты жұмыс орындарын ашуға, салықты көбейтуге әрі қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтауға болатынын әрекез айтып жүр. Бұл жолы да осы мәселеге айрықша тоқталып, қала, кент, ауылдық округ әкімдеріне қатаң жауапкершілік жүктелді.

– Өңір тұрғындарының саны 807 мың шамасында болса, соның 97 мыңыдай өзін-өзі өнімсіз жұмыспен қамтыған және жұмыссыз адамдардың қатарында. Бұл мәселені шешудің жаппай кәсіпкерлікті дамытудан басқа жолы жоқ. Ал кәсіпкер айналасқан адам «үкімет асырайды» деген масылдық көзқарастан арылады. Өзіне де, елге де пайдасын тигізеді, – деді облыс әкімі.

Қандай да бір бизнес бастағысы, жүргізісі келетіндерге мемлекет тарапынан тиісті қолдау көрсетіліп келеді. Сөзіміздің дәлелі, 2018 жылы аймақта жаппай кәсіпкерлікті

дамытудың жол картасын жүзеге асыруға 32 млрд теңге бөлінді. Стартта жобалар үшін 3,4 млрд теңге қаржы қаралып отыр, соның есебінен қайтарымсыз гранттар да беріледі. Өңір басшысы халықты кәсіпкерлікке шақырудың – насихаттың уақыты өткенін, ендігі жерде өнімді жұмыс істейтін кез келгенін жеткізді.

Жиында қалаға қарасты елді мекендердің әкімдері атқарылып жатқан шаралар мен нәтиже туралы сөз қозғады. Ақжарма ауылдық округінің әкімі Жұмабек Әлиевтің сөзіне сүйенсек, мұнда 104 кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Биыл жарты жылда қаржы ұйымдарынан қолдау тапқан жобалар саны өткен жылғыдан 2 есе көп.

– Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде ауылдық клубсалуды жоспарлап отырмыз. Жалпы, жеке бойынша биыл 48 адам жұмыспен қамтылуы тиіс, – деді ол. Өңірлік кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының директоры Қамар Бекетова халық арасында түсіндірме жұмысы кеңінен жүргізілгенін, осыдан кейін орталық көмегіне жүгінушілер саны арта түскенін жеткізді.

– Бүгінге дейін қалаға қарасты барлық елді мекенді аралап шықтық. Мамандар тарапынан 1610 қызмет түрі көрсетілсе, оның 1213-і – нақты көмек. Орталық қызметін пайдаланатындардың қатарында Тасбетов кенті алдыңғы орында тұр, – деді Қамар Бекетова.

Жиын қорытындысында аймақ басшысы шағын және орта бизнесті алға жылжыту шаралары бір ғана «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» аясында шектелмейтінін, мемлекет қолдауының игілігін бүкіл ел көруі тиіс екенін нақтылады.

**Назерке САНИЯЗОВА,  
«Сыр бойы».**

## BILIM

## ІРГЕЛІ ОҚУ ОРНЫНЫҢ ҒАСЫРЛЫҚ МЕРЕКЕСІ

Дүниежүзілік тау-кен конгресі аясында Астанада "Мәскеу болат және қорытпалар институты" Ұлттық зерттеу технологиялық университетінің 100 жылдығына орай салтанатты қабылдау өтті. Бұл оқу орнында қызылордалық 202 жас білім алу-да. Шара барысында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев университет студенттерімен кездесіп, бітіруші түлектерді марапаттау рәсіміне қатысты.

Салтанатты рәсімде "МБЖҚИ" Ұлттық зерттеу технологиялық университеті Қамқоршылар кеңесінің төрағасы, Ресей тауар өндірушілері одағының президенті Олег Сосковец пен ҚР Инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбек университет түлектерін құттықтады.

Шараға қатысқан облыс әкімі Қырымбек Көшербаев мерейтойға орай университет басшылығы мен студенттеріне лебізін жеткізіп, Ресейде оқып жатқан сырбойлық түлектерді аймақта жұмыспен қамту перспективалары туралы айтты.

– Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы биылғы Жолдауында жоғары оқу орындарында ғылым саласын металлургия, мұнай және газ химиясы, агроөнеркәсіптік кешен, био- және IT технологиялары саласына бағыттауды тапсырды. Біздің облысымыз Ресей Федерациясының жетекші техникалық оқу орындарымен тығыз әріптестіктің арқасында осы бағытта 2014 жылдан бастап қарқынды жұмыс істеп келеді. Соның нәтижесінде екі жүзден астам сырбойлық түлек Мәскеу болат және қорытпалар институтында оқып жатыр, – деді аймақ басшысы.

Бүгінде Ресей Федерациясы Үкіметінің гранттары есебінен Мәскеу және Санкт-Петербург университеттерінде аймағымызда жоғары суранысқа ие инженерлік-техникалық мамандықтар бойынша жүзеге асырып отырған студент білім алу-да.

– Осы жылы студенттердің алғашқы легі оқуын аяқтайды. Диплом алатын 75 студенттің елу тоғызы "МБЖҚИ" түлегі. Олардың 13-нің магистратураға түсіп, оқуын жалғастыратынына қуаныштымыз, ал қалған 62 жас маманды аймағымыздың ірі кәсіпорындары жұмысқа қабылдау үшін күтуде, кейбіреулері мемлекеттік қызмет резервіне енгізіледі, – деді облыс әкімі.

Қабылдауда түлектерді «МБЖҚИ» университетінің ректорлары Вадим Петров құттықтады.

Былытқы Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы елшілігінде Қызылорда облысының әкімдігі мен Мәскеу және Санкт-Петербург қалаларының жетекші жоғары оқу орындары арасында әріптестік жөніндегі меморандумға қол қойылған. Оған ҚР РФ-дағы Төтенше және Өкілетті елшісі Иманғали Тасмағамбетов пен М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, «МБЖҚИ» Ұлттық зерттеу технологиялық университеті, И.М. Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университеті, К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу аграрлық академиясы және Санкт-Петербург мемлекеттік өндірістік технологиялар мен дизайн университетінің ректорлары қатысты.

Сонымен қатар, 2014 жылдан бастап Мәскеу болат және қорытпалар институты, Санкт-Петербург өсімдік полимерлері мемлекеттік технологиялық университеті, К.А. Тимирязев атындағы Ресей мемлекеттік аграрлық университеті мен И.М. Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университеті қызылордалық түлектерді аймақта қажетті мамандықтар бойынша оқыту үшін гранттар бөліп келеді.

Ресейдегі іргелі оқу орындарының бірі – «Мәскеу болат және қорытпалар институты» Ұлттық зерттеу технологиялық университетінің тарихы Мәскеу тау-кен академиясында металлургиялық бөлімше ашылған 1918 жылдан басталады.

2014 жылдың қорытындысымен университет БРИКС елдерінің үздік 100 университеттері тізіміне және QS негізгі білім беру рейтингісі бойынша әлемнің 1000 жетекші техникалық жоғары оқу орындарының қатарына енді. Университет «5-100» Ресей жоғары оқу орындарының халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағдарламасының 15 қатысушыларының бірі болып табылады.

**«СБ» ақпарат.**

## UBT

## БАСТЫ СЫНАҚ БАСТАЛДЫ



**Кеше еліміз бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеу емтиханы басталды. Алғашқы күні Қорық ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің базасында және қаладағы «Мұрагер» мектебінде өткен емтиханда 1248 бітіруші түлек қатысты.**

Олардың 661-і Қызылорда қаласынан, 216-сы Сырдария, 267-сі Қармақшы аудандарының түлектері, ал 104-і облыстағы №9,10 «Білім инновация» лицейі және Жалаңтөс баһадүр атындағы №4 дарынды балалар мектеп-интернатының бітірушілері.

Ал бүгін Жалағаш, Шиелі, Жаңақорғанда, 22 маусымда Арал, Қазалы, Қармақшы аудандары және Қызылорда қаласында түлектердің ҰБТ сынағын тапсыруы жалғасады.

Облыстық білім басқармасының мәліметінше, басты сынаққа дейін облыстағы 7113 мектеп бітіруші мемлекеттік қорытынды аттестаттаудан өтіп, «Алтын белгіге» 343 үміткердің 318-і, «Үздік аттестатқа» 232 үміткердің 215-сі өз білімін дәлелдеді.

Биыл Білім және ғылым министрлігі ұсынысына сәйкес тестілеу барысында он-лайн трансляция жүргізіледі. Кезкелген ата-ана тестілеу пункттеріне бармай-ақ балаларының тест тапсыру кезін өз телефандарынан немесе компьютерлерінен бақылай алады. Ол үшін тестілеу пункттері қажетті жоғары жылдамдықтағы Интернет желісімен және бейнекамералармен жабдықталды.

Тестілеу нәтижесін testcenter.kz сайтынан көре алады және күні бойы 88000807177 нөмерде call-center жұмыс жасайды.

**Ғазиза ӘБІЛДА,  
«Сыр бойы».**

## JIYN

## ТҮЛЕКТЕР ТУҒАН ЖЕРГЕ ОРАЛАДЫ

**Сейсенбіде облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен Ресей университеттерін бітіріп келетін түлектерді жұмысқа орналастыру мәселесін талқылаған жиын өтті.**

Бүгінде Мәскеу мен Санкт-Петербургтің жетекші техникалық жоғары оқу орындарында 452 қызылордалық студент Ресей Федерациясы Үкіметінің қаражаты есебінен білім алып жатыр. Алғашқы 75 бітіруші түлек шілде айында диплом алып, елге қайтып келеді.

– Қызылорда облысы жыл сайын Ресей Үкіметінің гранттары есебінен жетекші техникалық университеттерде түлектерін оқытатын бірден-бір аймақ. 2014 жылдан бастап Мәскеу және Санкт-Петербургтің оқу орындарына облыстан 452 мектеп бітіруші оқуға түсті. Биыл олардың алғашқы легі оқуын аяқтайды. 62 студент диплом алып, Қызылордаға қайтып келеді, ал 13-і магистратураға түсіп, оқуын жалғастырмақ. Түлектерді жұмысқа орналастыру мәселесі де пысықталуда. Бұл балаларға үлкен үміт артып отырмыз, өйткені олар аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын өзгертіп, қазіргі заманның талабына сай бәсекеге қабілетті маман болады, – деді аймақ басшысы.

Облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасы басшысының міндетін атқарушы Абылайхан Сабанбаевтың айтуынша, Ресейдегі студенттердің сабақ үлгерімі, әлеуметтік жағдайы күнделікті бақылауда. Уатсапп мессенджерінде арнайы чат ашылып, онда проблемалар мен олардың шешілу жолдары талқыланады. Өткен жазда студенттер облыс әкімімен кездесуде сырбойлық жастардың қауымдастығын құру туралы ұсыныс айтқан еді. Қазір «Орда» қауымдастығы құрылып, жастардың өзін-өзі басқару жүйесін қалыптастыруға, Ресейдегі ҚР елшілігімен қарым-қатынас орнатуға, түрлі деңгейдегі мәдени-көпшілік шараларды ұйымдастыруға кірісті. Жоғары курстар оқуға енді түскен жастардың қала





# ТҮЛЕКТЕР ТУҒАН ЖЕРГЕ ОРАЛАДЫ



Арнайы бөлініс кестесіне қарағанда, түлектер «Фирма Балауса», «СКЗ - У», «Юлдишлар ССС холдинг», «Агрохолдинг Байқоңыр», «Абай-Дәулет», «Шалқия цинк ЛТД», «Аралтұз» сияқты кәсіпорындарында еңбек етпек. Жергілікті атқарушы органдар да креативті, заманауи білім алған жастардың потенциалын пайдаланады. Жиында «Фирма Балауса» ЖШС өкілі кестеде белгіленген 2 адамды ғана емес, одан да көп мамандарды

жұмысқа қабылдауға дайын екенін айтты. Шыны зауыты өкілінің айтуынша, 20 адамды жұмысқа қабылдап, болашақта қосымша оқытуды, өндіріске қажетті мамандықтарға бейімдеуді жоспарлаған. Облыс әкімі бітіруші түлектерге қойылатын қосымша талаптарды осы бастан міндеттерін атқару үшін керекті машықтарын қалыптастыруға мүмкіндік беру керектігін айтты. Сондай-ақ өндіріске, аудандарға барған жас мамандардың баспа-

на мәселесін де шешіп беруді тапсырды.

Облыстық индустриялық инновациялық даму басқармасының басшысы Ринат Сұлтангереевтің айтуынша, жыл соңына дейін аймақта ірі кәсіпорындар – шыны, молибден және цемент зауыты мен балық өңдеу цехы іске қосылады. Бұл кәсіпорындар «Химия», «Энергетика», «Стандарттау», «Материалтану», «Автоматтандыру», «Құрылыс операторы» мамандықтарын қажет етеді. Шиелідегі цемент зауыты 200 адамды жұмыспен

қамтуы тиіс. Жылдың басында Шиелі индустриялық аграрлық колледжіне 100 бала оқуға түсіп, олардың 46-сы сынақ тапсырды. Қазір олар Қытайда білім жетілдіруде.

Клаус Швабтың «Төртінші өнеркәсіптік революция» еңбегінде алдағы 7-10 жылда жасанды интеллектпен қатар адамның қоғамдағы ой еңбегі де жоғары сұранысқа ие болатыны көрсетілген. Ғылыми-техникалық прогрестен туындаған болашақ мамандықтар инновациялық, жасанды интеллект, IT саласымен байланысты болғандықтан, маман даярлауда осы алғышарттарды ескеру маңызды.

Мәжілісті қорытындылаған аймақ басшысы жауапты мемлекеттік органдарға студенттерді өңірдің өндірістік компаниялардағы бос жұмыс орындары туралы уақытылы хабардар етуді тапсырып, жастарды жұмысқа орналастыру бойынша жеке жауапкершілік жүктелгенін ескертті.

– Біз алдымызға өркениетті елдердің қатарына қосылуды мақсат етіп қойып отырған еміз. Сондықтан экономикамызбен қатар кадрларымыз да бәсекеге сай болуы тиіс, – деді облыс әкімі.

Қазір сырбойлық жастар Мәскеу болат және қорытпалар институты, Санкт-Петербург

өсімдік полимерлері мемлекеттік технологиялық университетінде ғана емес, К.Тимирязев атындағы Ресей мемлекеттік аграрлық университеті мен И.Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университетінде аймаққа қажетті мамандықтар бойынша білім алуда. Одан бөлек, сырбойлық жастарды Қазан қаласындағы «Иннополис» университетінде оқыту туралы келісім жасалды, «Сколково» инновациялық орталығымен әріптестік орнату жоспарлануда. Биылдан бастап қызылордалық жастар үшін «Киберқауіпсіздік» және «Математикалық процестерді модельдеу» мамандықтары бойынша М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің магистратурасына 20 грант бөлінетін болады. Жыл сайын ауылдан, тұрмысы төмен, көпбалалы отбасылардан шыққан түлектерге облыс әкімінің 100-ге жуық гранты бөлініп келеді. Қазір грант иелерінің саны 700-ге жуықтады. Биыл грант саны 200-ге жеткізіліп, оның 70 процент ақпараттық технологиялар саласындағы мамандықтарға бағытталатын болады.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,  
«Сыр бойы».

## BEINEKONFERENTSIIA

## ӘЛЕУМЕТТІК САЛА БАСЫМДЫҚҚА ИЕ

Еліміз бойынша бюджет қаражатының басым бөлігі әлеуметтік салаға бағытталып отыр. Бұл туралы ҚР Қаржы министрі Бақыт Сұлтанов халық алдындағы кезекті есеп беру кездесуінде мәлімдеді. Астанадағы «Қазмедиа орталығында» өткен бейнеконференцияға барлық өңірлер онлайн режимде қосылып, тұрғындардың өздерін толғандырған сауалдарға жауап алуына мүмкіндік қарастырылды.

Ашық диалог форматындағы шарада министрлік басшысы әлеуметтік сала әлеуметтік жобаларды қажет ететіндіктен, бюджеттегі басты басымдық осы салаға берілгенін атап өтті. Бюджет құрылымында әлеуметтік шығыстардың үлесі өткен жылы 51,5%-ке дейін ұлғайғанына, яғни бюджет қаражатының 50 проценттен астамы әлеуметтік салаға бағытталғанына тоқталды. Есепті қаржы мемлекеттік бюджетке кірістер трансферттерді қоспағанда 7 трлн теңгеден астам соманы құрайтынын жеткізді.

– Жоспар 102,2%-ке орындалды, өткен жылға өсім 700 млрд теңгені, 11 процентті құраған болатын. Шығыс бөлігі бойынша да рекордтық игеруге қол жеткіздік, – деген министр жоспардың артығымен орындалуы негізінен салық түсімдерінің өсуі есебінен болғанын қосымша айтып өтті.

Министр мемлекеттік сатып алу мен бюджеттік жоспарлау саласына енгізілетін жаңашылдықтар жайын да хабардар етті.

– Бизнес процестерді жеңілдету үшін біз жыл сайын автоматтандырылған рәсімдер үлесін ұлғайтып келеміз. Фискалдық әкімшілендіруді оңтайландыру қолға алынған. Тәуекелдерді басқарудың жаңартылған жүйесі тексерулер санын қысқартып ғана қоймайды, сонымен қатар камералдық бақылау бойынша хабарламаның дұрыстығын арттыруға септеседі. 2016 жылы 77,9 мың тексеру жүргізілсе, ұзаған жылы ол 45 процентке азайды. Тексерулер саны қысқартылды. Бұдан бөлек, электрондық форматқа көшу және алдын ала верификация рәсімін болдырмау салдарынан қосылған күн салығын төлеушілер саны 11 мыңға өсті, – деді Бақыт Тұрлыханұлы.

Бақыт Сұлтанов бұл Мемлекет басшысының және Үкіметтің мемлекеттік қаржыны тиімді пайдалану және оны нығайту бағытында айқындаған барлық міндеттерін орындау жалғастырылып тігек етті. Сонымен қатар министрліктің электрондық поштасына түскен сауалдар мен залдағы азаматтардың, өңірлер тұрғындарының сұрақтарына жауап берді.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ,  
«Сыр бойы».

## TILSHI ELDEN

– Ебін тапса, кез-келген кәсіпті ұршықша иіріп кетуге болады. Ол үшін қажырлы, адал еңбек керек. Бастаған істің берекесін келтіру шаруа адамының қолында, – дейді Талап ауылының тұрғыны Болат Нұрлыбеков.

Ол қой бағудың қыр-сырына бала күнінен қанық болып өсті. Атақаспегі жандандырған шопан бүгінде қой санын көбейту мен асылдандыру бағытында жұмыс жасауда. Қазақ «мал өсірсең, қой өсір, пайдасы оның көл-көсір» деп бекер айтпаған. Еңбексүйгіш азамат ең алдымен құрылыс саласында да жұмыс жасапты. Уақыт өте келе қолындағы азын-аулақ малын көбейтіп, шаруасын дөңгелентеді. Өткен жылы «Тұран» шаруашылығын құрды. «Қамқоршы» несие беру серіктестігі арқылы 7 млн теңге алып, қой басын еселеді. Жергілікті шаруа қоғамының 250-ден аса қой мен 13 қарақол қошқар алды. Төлін асылдандырды. Қазірде қоғамында 700-ден аса қой бар. Болат қоғалық кеңейтесін қоражайын қайта салды.

## МАЛ ӨСІРСЕҢ – ҚОЙ ӨСІР

Бүгінде қой шаруашылығы – отандық агробизнестің негізгі бағыттарының бірі. Ет пен жүн экспорттау ісінде ілгерілеу бар. Шопаната тұқымын түлеткендерге қолдау артып, еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері едәуір өсті. Қойдың санын өсіру мен қатар сапасын жоғарылату үшін еліміз «Алтын асық» бағдарламасын қабылдады. Сонымен қатар ғалымдар қой шаруашылығын дамытудың кешенді бағдарламасын жасады.

Шаруашылыққа тиесілі 30 гектардан өзге жалға қосымша тағы жер алған. Қазір 17 гектар жерге малға қажетті азық-жем, шөбін егеді. Басым бөлігіне жоңышқа себіледі. Қыстың қамын жаз ойлайтын шаруақор жігіт азық қоймасын қамдауға ерте кірісіпті.

– Кез келген істің басында қиыншылық болатыны анық. Малдың бабын білген ғана жетістікке жетеді. Басында шопанның да, мал дәрігерінің де, диқаннның да жұмысын жалғыз атқардым. Маңдай тердің арқасында осы қоғалықты аштым. Алда атқарылар іс көп. Қазір 4 адамды

## BRIFING

## ЖАҢА БАСПАНА – КӨП ҚУАНЫШЫ

Мемлекеттік бағдарламалардың нәтижесінде соңғы бес жылда облыс бойынша аумағы 524,6 мың шаршы метрді құрайтын 305 көпқабатты тұрғын үй салынып, 6487 пәтер пайдалануға берілді. Бұл жөнінде өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының басшысы Марсбек Молдабаев мәлімдеді.



Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі – мемлекет үшін басты бағыттардың бірі. Осыған сәйкес облыста тұрғын үй құрылысы ерекше қарқынмен жүргізіліп келеді. Бес жылда баспана кезегін күткендердің көпшілігі қоныс тойын тойлады. Осы бағытта жұмыстар жалғасын тауып, Сырдария өзенінің сол жағалауында және аудан орталықтарында көпқабатты тұрғын үйлердің құрылысы да жүріп жатыр.

Брифингте басқарма басшысы



– Биылғы жылы осы жұмысты жалғастыру бағытында «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында республикалық бюджеттен 1 млрд 584 млн теңгеден астам қаржы бөлініп, 13 жоба бойынша 17,3 шақырым ауысу және көрісу құбырына жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Қаладағы магистральды жылу желілерін жаңарту жұмыстары да қарқынды жүруде. Соңғы 5 жылда бұл бағыттағы жұмыстарға 8 млн-нан астам қаржы жұмсалды. Биыл республикалық бюджеттен 2 млрд 210 млн теңге бөлініп, 8 жоба бойынша 7,433 шақырым жылу құбырларына жаңғырту жұмыстары жүргізілуде, – деді ол.

Ауыз судың көпқабатты тұрғын үйлердің жоғарғы қабатына көтерілмеуі – қаладағы басты мәселенің бірі. Ескі көпқабатты үйлердегі ішкі құбырлардың көпжылдық қолданыстан тозуы, шойын құбырлардың тат басуы, өжіредегі ашып-

Марсбек Рүстемұлы үстіміздегі жылы 1726 пәтерден тұратын 42 көпқабатты тұрғын үй ел игілігіне берілетінін айтты. Сонымен қатар апатты үйлердің жайы да сөз болды. Бұл мәселе облыс әкімінің тікелей бақылауында. Қаладағы осындай баспана иелеріне үй бөлудің негізділігін анықтау мақсатында арнайы жұмыс комиссиясы құрылды. 2013 жылдан бастап қазіргі кезге дейін қала бойынша 33 көппәтерлі тұрғын үй апатты жағдайда екені анықталды. Нәтижесінде тұрғындарға

14 көпқабатты тұрғын үйден 671 пәтер берілді.

Брифингте қала әкімінің орынбасары Берік Сәрменбаев тұрғын үйі апаттық жағдайда деп танылуына байланысты тұрғын үй қорынан берілген үйді жекешелендіруге әрекет жасап жатқандар жиі ұшырасқанын айтып, бұл әрекет қолданылатын заңнама талаптарына кәшіні екенін ескертті.

С.ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

Қызылорда қаласы – таза жерасты суын тұтынып отырған бірден-бір қала. Соңғы бес жылда 544 шақырым су құбыры жаңартылып, қалаішілік су құбырларын ауыстыру 75 процентке орындалған. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде қала әкімінің орынбасары Берік Сәрменбаев хабарлады.

## БЕС ЖЫЛДА БЕС ЖҮЗ ШАҚЫРЫМ ҚҰБЫР ЖАҢАРДЫ

жабу ысырмалардың тозуы, ішкі құбырлардың бірінен біріне өтуі барысында диаметрлерінің қысылуы әсерінен су жоғары көтерілімді көрінеді. Осыған орай, 38,2 шақырым болатын ескі ауысу құбырларын ажырату арқылы судың қысымын көтеру жұмыстары қолға алынған.

Қаланың жол құрылысын дамыту жұмыстары да назардан тыс қалған емес. Осы жылдың өзінде 11 көшенің жөндеу жұмыстары толығымен аяқталып, 2 көшеге жөндеу жұмыстары жүргізілуде. 9 нысан бойынша мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланған. Сондай-ақ, қала орталығындағы ұзындығы 3,47 шақырым болатын А.Тоқмағанбетов және А.Байтұрсынов көшелеріне инженерлік-коммуникациялық жүйелерін ауыстыру жұмыстары жасалып, қазіргі таңда асфальт төселуде. Бұл жұмыстар маусым айының ба-

сында аяқталуы тиіс болатын, бірақ инженерлік-коммуникациялық жүйелерді ауыстыру барысында туындаған қиындықтарға байланысты шілде айының 15-де аяқтау көзделуде. Бұдан бөлек, ұзындығы 16 шақырым болатын Тасбөгет кентіндегі Ііркөл ауылын, Қызылөзек және Қараөзек ауылдық округтерінің кіреберіс жолдарына орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланды. Жалпы қала аумағындағы асфальт қабаттары бұзылған 51 көшеге ағымдағы жол жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Жиын соңында қаланың инженерлік құрылымдарына байланысты БАҚ өкілдері тарапынан бірқатар сауалдар қолданып, тұшымды жауаптар алынды.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,  
«Сыр бойы».

Еуропа-Батыс Қытай» жолының бойында орналасқаны да көп шаруаның орайына келіп тұр. Біздің кейіпкер де осы қыр жол бойынан мейманхана ашты. Басты тағам – қой етінен жасалған қуырлақ пен қауап.

Аймақ басшысы биылғы жылды «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» деп жариялаған болатын. Жаңақорған ауданы кәсіпкерлік саласы бойынша алдыңғы орында. Оғандәлел – аядай ғана Талап ауылының өзінде кәсіпкерлер санының өскендігі. Қазіргі таңда ауылда тіркелген кәсіпкерлік субъектісінің саны 31-ге жеткен. Оның ішінде 30 белсенді жұмыс жасауда. «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы бойынша «Ауыл шаруашылығын қолдау қоры» арқылы биыл «Е.Әуелбеков» 2 млн теңге несие 5 түйе сатып алыпты. Ал, «Өңірлік даму қорынан» 3 кәсіпкер мал бордақылау алаңын салуға қажетті қаржыға қол жеткізген.

С.ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.  
Жаңақорған ауданы.

Мемлекет басшысы биылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында ресурстық әлеуетті одан әрі дамыту бағытында «Жасыл» технологияларға инвестиция салу үшін бизнесті ынталандыру, сонымен қатар жергілікті атқарушы органдарға шағын және орта бизнес субъектілерін кеңінен тартып, тұрмыстық қатты қалдықтарды заман талабына сай утилизациялау және қайта өңдеу үшін шаралар қабылдау керектігін тапсырды.

## ЖОЛДАУ ЖӘНЕ ЖАРҚЫН ІС

Бұған дейін Елбасы Жарлығымен 2013 жылы Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамасы бекітілгені белгілі. Бұл тұжырымдама жаңа тұрпаттағы экономикаға көшу кезеңінде терең жүйелі жаңартуларға негіз қалады. Тұжырымдаманың негізгі индикаторларының бірі – 2030 жылға қарай өңделген қалдықтардың үлесін 40%-ке дейін жеткізу.

Осы ретте биылғы Жолдауда да шағын және орта кәсіпкерлікті қалдықтарды кәдеге жарату, қайта өңдеу және жою саласын дамытуға болатыны айтылып өтті. Бұл – экологиялық заңнама саласында тұрмыстық қатты қалдықтарды заман талабына сай кәдеге жарату және жоюда елеулі жаңалық болмақ. Осы арқылы шетелдік және отандық инвесторлар мен кәсіпкерлер үшін тартымды инвестициялық ахуал жасауға жол ашылды.

Қазіргі таңда өңірімізде жергілікті атқарушы органдар тарапынан тиісті жұмыстар басталып кетті. Шағын және орта бизнес субъектілерін кеңінен тартып, тұрмыстық қатты қалдықтарды заман талабына сай кәдеге жарату және қайта өңдеуде кәсіпкерлерге белсенді қолдау көрсетілуде.

Бүгінгі күні кәсіпкерлер тұрмыстық қатты қалдықтардан

шатыр жамылғысын (черепица) және жаяу жүргіншілер жолына арналған төсеніштер (брусчатка) жасап шығаруда. Сондай-ақ, «Smart Rubber» ЖШС автокөліктердің жарамсыз дөңгелектерін резеңке ұнтақтары мен тамшылатып суаруға арналған түтіктерді өндіруде.

Мемлекеттік жеке меншік әріптестік аясында Қызылорда қаласында тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптау кешені және полигон құрылысын салу жоспарлануда.

Сонымен бірге, қалдықтарды басқару мәселесін кезек-кезеңімен шешіп келеміз. Осы ретте, полигондарды экологиялық және санитарлық талаптарға сәйкестендіру мақсатында облыстық бюджеттен полигон құрылысына қаржы бөлініп келеді.

Осындай шараларды жүзеге асыру арқылы біз өңіріміздің экологиялық ахуалын жақсартып отырып, шағын және орта кәсіпкерлікті барынша дамытуға жол ашатын боламыз. Бұл өз кезегінде жұмыс орындарын көбейтіп, халықтың әл-ауқатын жақсартуға сеп болмақ.

А.ӘБДУАЛИЕВ,  
облыстық табиғат ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы.

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕГІ МАҢЫЗДЫ ИНСТИТУТ

Әдеп жөніндегі уәкіл – мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларының сақталуын және мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін бұзбауды қамтамасыз ету қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ өз функцияларын шегінде мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға консультация беретін мемлекеттік қызметші.

Әдеп жөніндегі уәкіл өз қызметін – «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» «Қазақстан Республикасының заңдарын», «Әдеп» кодексін және Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Ережені, сондай-ақ ҚР өзге де заңнамалық актілерін басшылыққа алып жүзеге асырады.

Ол өз қызметі шегінде, мемлекеттік қызметшілерге ҚР мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының және Әдеп кодексін бұзған жағдайларда құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен шарттарды талдайды және оларды жою туралы ұсынымдар енгізеді.

Мемлекеттік орган басшыларының бейтараптығы негізді күмен тудыратын, лауазымдық өкілеттілерін тиісінше орындамауға әкеп соғатын мәң-жайлар болған кезде әдеп жөніндегі уәкіл өз қызметін дербес негізде жүзеге асырады.

Ж.ДҮЗЕЛБАЕВА,  
ҚР АПАК АӨК МИК  
облыстық аумақтық инспекция басшысының орынбасары – әдеп жөніндегі уәкілі.

## ТАЗАЛЫҚҚА ҮНДЕГЕН АҚЦИЯ

Аймақтағы табиғат қорғаушылары бір ай бойы өзен-көлдерді күл-қоқыстан тазартты. Бұл жөнінде өңірлік коммуникациялар орталығында өткен брифингте облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы басшысының орынбасары Марат Нұрмағамбетов мәлімдеді.

«Таза су айдындары» акциясына табиғат қорғау мекемелері, табиғат пайдаланушылар, балық шаруашылығы су айдындарына жақын орналасқан ауыл тұрғындары, студенттер мен оқушылар қатысты. Басты мақсат – су айдындарын тұрмыстық қалдықтардан тазалау, балық және өзге де су жануарларының көбеюіне атсалысу, жастарға табиғи байлықты сақтауға байланысты түсіндіру жұмыстарын жүргізу болды.

Су айдындарында Кіші Арал инспекциясының және табиғат пайдаланушылардың қызметтік қатерлері, қайықтарымен су ішінде қалып қойған ау қалдықтары жиналып, табиғат пайдаланушылар су жағалауларын қоқыстан тазартты. Тазалау жұмыстарына 671 адам қатысып, 108 техника мен 15 шағын көлемдегі кеме жұмылдырылған. Нәтижесінде 48,5 тонна түрлі қалдық пен 1011 ау жиналып, тиісті орынға жеткізілді.

Брифингте инспекция бас-

шысының орынбасары М.Нұрмағамбетов «Уылдырық-2018» акциясы жайында кеңінен айтты берді. Сырдария өзенінде сәуірде, жергілікті балық шаруашылығы су айдындарында 20 сәуір мен 10 маусым, Кіші Арал теңізінде 1 мамыр мен 10 маусым аралығында балықтың барлық түрін аулауға тыйым салынды. Осы мезгілде тиісті мекемелер бірлесіп рейлдік жұмыстарды күшейтті. Статистикаға сүйенсек, жыл басынан бері 261 балық қорғау заңнамасын бұзушылық анықталып, 132 ереже бұзушыға айыппұл салынды. Сот орындарына 128 іс жолданды.

–Бұл акция 2015 жылдан бері республика көлемінде өтіп келеді. Нәтижесінде заңсыз балық аулау мен су айдындарына күл-қоқыс тастайтындырдың қатары төмендеген. Табиғат қорғаушылары халық арасында үнемі түсіндірме жұмыстарын жүргізіп келеді, деді М.Нұрмағамбетов.

Сара АДАЙБАЕВА,  
«Сыр бойы».





«SYR BOYI» GAZETININ ARNAU BETI

## ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ӨНЕРТАПҚЫШҚА ЖАПОНДАР ЖОҒАРЫ БАҒА БЕРДІ

Қызылорда қаласында тұратын өнертапқыш Ұлжан Әбуова жас адамдардың бейнесі мен дауысын ажыратып, өзіне міндеттелген тапсырмаларды мүлтіксіз орындап шыға алатын «Ақтөс» атты робот-күшікті құрастырып шығарды. Бұған жапондардың өзі танданыс білдіріп отыр.

Ұлжан Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде информатика мамандығы бойынша білім алған. Сонда жүріп бағдарламалау робототехника саласына жан

тәнімен назар аударды. Осының нәтижесінде магистрлік диссертациясын қорғау кезінде осы жобаны ұсынған еді.

– Оған «Ақтөс» деген атау бердім. Жобаны қорғау барысында роботтың қалай жұмыс істейтінін көрсеттім. Робот микроконтроллермен сервомоторларды басқару арқылы құрастырылды. Жобамды күшік пішінді түрде жүргізуге мән бердім. Ол кедергілерден айналып өте алады. Қашықтықтан да басқару мүмкіндігі жасалған. Әрине, мен оны әлі де жетілдіру үстіндемін, – дейді өнертапқыш.

Қажет десеніз, «Ақтөсті» үй күзетуге пайдалануға болады. Сырттан келген адамдардың

бейнесі мен дауысын ажырата алады. Жоба Жапонияда өткен халықаралық байқауда 22 жобаның ішінде үздік деп танылды. Бұл салада аты озып, арындап тұрған жапондық ғалымдардың жоғары бағасы, шын мәнінде, қызылордалық өнертапқыштың озық ойын көрсетті.

Қазір Ұлжан Әбуова Қызылорда қаласындағы М.Мәметова атындағы педагогикалық колледжде дәріс береді. Ол робототехниканың қырсырын өз шәкірттеріне үйретіп жүр.

Әділжан ҮМБЕТ,  
журналист.



### «SMART CITY»

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында цифрлық технологияларға ерекше мән берілген. Онда «Ақылды қалалар» өңірлік дамудың, инновацияны таратудың және еліміздің барлық аумағында тұрмыс сапасын арттырудың локомотивтеріне айналады» деп көрсетілген.

«Ақылды қала» тұжырымдамасының негізі 2012 жылдан бастап қаланды. 2013 жылы «Ақпаратты Қазақстан» бағдарламасы бекітілді. Демек, барлығы кезең-кезеңімен жүзеге асып жатыр деген сөз.

Жолдауда «SMART CITY» тұжырымдамасы негізге алынған. Нақты міндеттің бірі болып Қарағанды облысы – денсаулық саласы, Павлодар аймағы – білім, ал Қызылорда «ақылды басқару» бойынша пилоттық өңір болып бекітілді. 4 жыл ішінде үздік жобалар іріктеліп, өзге облыстарда жүзеге аспақ.

Жалпы, «SMART CITY» дегеніміз не? Бұл қандай ұғым? Ол халықтың қолайлы өмір сүру жағдайларын жақсарту үшін ресурстар мен қызметтерді басқару тиімділігін арттыру стратегиясы болып табылады. «SMART CITY» бағыттары Канадада (қауіпсіздік), Барселонада (көлік), қалдықтарды жою бойынша АҚШ-та, әлеуметтік қызметтерді көрсету саласы бойынша Сингапурда, дистанциондық білім беруде Стэнфорд, АҚШ-та, медициналық көмек көрсету бойынша Ұлыбританияда дамыған.

Қазір Сырдарияның сол жағалауы алып құрылыс алаңына айналғаны белгілі. Жаңа қаладағы барлық талаптар «Ақылды қалаға» негізделеді деп жоспарланған.

Бұл аймақты кешенді игерудің алғашқы кезеңі 2017-2024 жылдар аралығына белгіленген. Қаланың Бас жоспарына сәйкес, аталған аймақтың 1532 гектарыны игеру көзделген. Негізінен, сол жағалаудағы аумақ 15 ауданнан құралады. Атап айтқанда, тұрғындарға арналған 11 аудан, 1 индустриалдық аймақ және 3 ірі парк пен бульвар қарастырылып отыр. 2013 жылы облыстық бюджеттен бөлінген 132,9 млн теңгеге Сырдария өзенінің сол жағалауындағы 1532 гектар



## СОЛ ЖАҒАЛАУ АҚЫЛДЫ ҚАЛАҒА НЕГІЗДЕЛЕДІ

аумаққа инженерлік-геологиялық және геодезиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. 2014 жылы осы аумақтың түбегейлі жоспарлау жобасы әзірленді. Өткен жылы жаңа қала атанған аймақтан 5 қабатты 18 тұрғын үй мен 320 орындық балабақшаның іргетасы қаланды. Бұл нысандар құрылыс компанияларының өз қаражаты есебінен салынып жатқанын да айта кеткен жөн. Ал, жоба құны 742 млн теңгені құрайтын 320 орындық балабақша құрылысы «Абу-Сер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арқылы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында салынууда.


Бүгінде бұрынғы Қазақ Орталық Атқару комитеті ғимаратының нұсқасы бойынша облыстық музейдің құрылысы жүргізілуде. Қызылордада, дәл осы Қазақ Орталық Атқару комитетінде 1925 жылы ұлттымыз «Қазақ» деген түпкі атын ресми иеленіп, тарихи шешім қабылданған болатын. Оның бір жағы мұражай да, екінші жағы Рухани жаңғыру орталығы болады. Бұл ғимарат көп ұзамай игілікке беріледі деп күтілуде.

Алдағы уақытта бұл аумақтан Жас-

тар орталығы, Неке сарайы, «Болашақ» университетінің студенттер қалашығы, онкологиялық орталық бой көтермек. Осы ретте, сол жағалауда «Болашақ» университетінің студенттер қалашығының құрылысы жүріп жатқанын айта кеткен жөн. Атап айтқанда, 12 қабатты әкімшілік ғимарат, оқу корпусы, Студенттер сарайы, клиникалық құралдармен жабдықталған медициналық және «Болашақ» колледжінің құрылысы, балабақша, дендросаябақ пен мегаорталық орналасатын болады.

Жаңа технологиялардың артықшылығы жеткілікті. Мәселен, ғаламтордан тамашалап жүрген «ақылды үйлерде» бәрі оңай басқарылады. Екі алаңды бір-біріне соғу арқылы жарық қосылса, теледидарды дыбыспен қосып-сөндіруге болады. Сол сияқты ас бөлмесі мен жұмынатын бөлмеде де осы секілді кереметтерді жасауға мүмкіндік қарастырылған. Таңғалатын нәрсе. Бірақ, бұл дәл қазір біз өмір сүріп жатқан қоғамда іс жүзінде асуда.

А.АҚЫЛБЕК.



Раушанбек САРИЕВ:

## РОБОТ РОБОТ БОЛЫП ҚАЛАДЫ, ОНЫҢ ТІЗГІНІ – ӨЗІМІЗДЕ

– Біраздан бері қалалық оқушылар сарайындағы робототехника үйірмесіне жетекшілік етіп келесіз. Үйірменің қазіргі жағдайы қалай?

– Біздің үйірме облыс әкімінің қолдауымен 2015 жылдың қыркүйек айында ашылды. Содан бері облыстық білім басқармасы, қалалық білім бөлімі және қосымша білім беру орталығының қаржысы есебінен қажетті құрал-жабдықтар сатып алынып, материалдық-техникалық база біршама нығая түсті. Өткен жылы 3D принтер алдық. Жаңа заман принтерінің арқасында ең күрделі деген заттардың құйма пішіндерін жасайтын болдық. Бұл жерде балалар робот құрастырумен ғана айналыспайды. Бізде олардың техникалық шығармашылығын арттыруға да көңіл бөлінеді. Өткен газырдың 80-жылдары, пионерлер сарайы болып тұрған кезде мұнда техникалық бағыттағы 25 үйірме болған. Қазір сол игі үрдісті қалықа келтіру бағытында жұмыс істеп жатырмыз. Заман талабына сай станоктарға тапсырыс беріп қойдық. Осылардың бәріне қол жеткен кезде робототехника лабораториясын жабдықтауға мүмкіндік туады.

– Робототехника жайында елімізде соңғы жылдары ғана кеңінен айтыла бастады. Саланың жұмысын ілгерілетуге мемлекет тарапынан жіті көңіл бөлініп, үлкен күш жұмсалып жатыр. Осы аралықта сырбылалық балалардың талабы, құлшынысы қандай дәрежеде?



– Біздің балалардың бұл салаға қызығушылығы өте жоғары. Жуырда облыстық білім басқармасы «KazRobotics» федерациясының қолдауымен Қызылордада робототехника бағытында оқушылардың облыстық «Robo Fest» фестивалін ұйымдастырды. Оған 6 мен 17 жас аралығындағы 80-дей бала қатысты. Талапкерлердің жұмысын тәуелсіз қазылар алқасы бағалады. Осы орайда, әсіресе, жобалардың бірегейлігі, конструкцияның техникалық күрделілігі, сондай-ақ аз уақыт ішінде тапсырманы мүлтіксіз орындау сияқты жайттар ескерілді. Фестивальға қатысқан балалардың бәрі – «сентур, мен атайын» деген. Кейбірі адамның ойына келмейтін дүниелер құрастырумен дараланады.

Ал бытыр желтоқсан айында жобалық менеджмент жүйесін енгізу аясында облыс әкімдігі «Hack Day» байқауын ұйымдастырды. Бірінші рет өткеніне қарамастан, оған біз ойлағаннан да көп талапкер қатысып, ақпараттық технология, контент және медиа, кино және видео бағыттарында 140-қа жуық жоба ұсынды. Байқау шартына сәйкес олар бар-жоғы бір күннің ішінде идеяларын прототипке айналдыруы тиіс болды. Бұл шара да

балаларымыздың қарым-қабілетін байқатты.

– Болашақта жаңа бағытты игергісі келетіндерге қандай кеңес айтар едіңіз?

– Робототехника түрлі модельден робот жинаумен ғана шектелмейді. Ол үшін радиоэлектрониканы, электротехниканы, физиканың техникасы мен электр бөлігін, информатика мен математиканы міндетті түрде білу керек. Әрбір траекторияны, әрбір дөңгелектің диаметрін есептей білу өте маңызды. Сол кезде ғана толыққанды модель, яғни өз ойымыздағы роботты құрастырып шыға аламыз. Ал пәндерден физика, математика, информатика, технологияны білу міндетті.

– Үйірмедегі балалардың қандай жетістіктері бар?

– Оқушылар қазір автоматтандырылған робот қол жасап шықты. Қол буынының қимылын мотор атқарады. Ол заттарды түр-түсіне қарай іріктей алады. Робот қол Қызылордада салынып жатқан шыны зауыты үшін таптырмас құрал бола алады. Біз тек моделін құрастырып қойдық. Егер инвесторлар қызығушылық танытып, оны дамытатын болса, зауыт жұмысы біршама жеңілдер еді. Жақында Астанада өтетін оқушылардың шығармашылық байқауына осы өнертабысымызды апарғымыз келіп отыр.

– Бәрекелді! Тағы неңдей жетістіктеріңіз бар?

– Балалар құрастырған дүниелер аз емес. Көбіне «ақылды жылыжай»,

– Өзге өңірлермен, оқу орындарымен байланысып тұрасыздар ма?

– Робототехника негізінен білім беру, спорт және өндіріс бағыттарын қамтиды. Біз соның ішінде алдыңғы екеуі бойынша жұмыс істейміз. Оқушылардың талпынысын арттыру мақсатында Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетімен, Мәншүк Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжімен тығыз байланыс орнатылған. «KazRobotics» федерациясының филиалдары еліміздің барлық өңірінде болғандықтан, барлығымен дерлік өзара тәжірибе алмасып тұрамыз. Өз басым робототехника саласындағы ешбір жаңалықты қалт жібермеймін. Қажетті әдебиеттерді қайдан болса да алдырып, балаларға сол бойынша робототехниканың қыр-сырын үйретемін.

– Қызылорда қаласында құрылған IT паркінің мақсат-міндеттері қандай?

– «Hack Day» фестивалі аймақта ақпараттық-коммуникациялық технология саласында талантты тастардың көп екендігін көрсетті. IT паркін құру қажеттілігі осындай жастарды цифрландыру бағытындағы жобаларға жұмылдырып, олардың мүмкіндіктерін шыңдау мақсатында пайда болды. Бұл алаңда өңірдің жетекші программистері бірігіп жұмыс істейді. Ол үшін коворкинг, әңгімелесу, демалыс жеке жұмыс орындары, 2 конференцзал, 3D студиясы мен технологиялар қарастырылған. Робототехникаға арналған орындар да бар. Жалпы, мұндай парктер «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында ашылып жатыр. Одан бөлек, жас инженерлер мектебін ұйымдастыруды жөн көріп отырмыз.

– Біз қаласақ та, қаламасақ та болашақтың кілті – осы ақпараттық технологияларда. Роботтар дәуірі туғанда өзіміз жұмыссыз қалмаймыз ба?

– Қазіргі күні жоғары оқу орнын бітіргендердің арасында экономист, заңгер, қаржыгер сияқты мамандықтардың иегерлері жетіп артылады. Дипломы бола тұра жұмыс таппай сенділеп жүргендер көп. Мен біздің үйірмедегі балалар болашақта бұл мамандықтарды таңдамайтынына жүз процент сенімдімін. Өйткені олардың техникалық бағытқа қызығушылығы жоғары. Балаға бүгіннен бастап мамандық таңдауға көмектессек, әлгіндей мәселе тұмайтыны анық.

Болашақта барлық өндіріс автоматтандырылады. Роботтар адамның көмекшісіне айналады. Оның алғашқы көріністерін қазірдің өзінде айналамыздан көріп жүрміз. Мысалы, биіктен фото, видео түсіруге арналған дрондар пайда болды. Олардың көмегімен енді пошта тасымалы жеңілдей түсті. Пилотсыз ұшақтар, көліктер шығарылып жатыр. «Роботтар тұрғанда адамдар жұмыссыз қалмай ма?» дейсіз. Бірақ оларды басқаратын да адам керек қой. Біздің артықшылығымыз – адами интеллекттің болуында. Қалай десек те, робот робот болып қалады. Оның тізгіні – өзімізде.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан  
Назерке САНИЯЗОВА,  
«Сыр бойы».



«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы негізінде қызмет көрсетулердің автоматтандырылуы қолға алынып отыр. Солардың бірі онлайн электронды билет. Бұл қызмет түрі көпшілік үшін таңсық. Бірақ оны пайдаланатындар қатары күн санап көбейіп келеді.

«Қызылорда» Автобус Паркі» ЖШС-на жаңа электронды билет «ОуВу» жүйесі енгізілгені мәлім. Автобус паркінде ақпараттық технологиялар жөніндегі маман Ибрагим Мамбаев осы қызмет туралы мәлімет берді. Жолаушылар ұялы телефондары арқылы электронды билетті онлайн арқылы сатып ала алады. Ең бастысы

онлайн электронды билет жүйесі экономикалық жағынан тиімді, статистикалық көрсеткіштері нақты.

– Электронды жүйенің жұмысы тым қарапайым. Қызметті смартфон бар кез келген жолаушы пайдалана алады. «ОуВу» электронды билет жүйесін Android платформасындағы смартфон телефондар AppStore-дан жүктеп ала алады. Сонан соң, телефон нөмірі арқылы тіркеледі. ОуВу мобильді көмекші жүктемесін орнатып, көмекші қосымшамен автобус салондарында орналасқан «QR» кодтар арқылы жол жүру ақысы «Beerline» байланыс жүйесінің бірліктері есебінен және кез келген банк картасы арқылы төленеді. Алдағы уақытта

барлық ұялы байланыс түрлерінен де төлемдер жасалуға мүмкіндіктер қарастырылады, – деді ол.

Жолақы төлеуде комиссия ұстамайды. Электронды жүйеде қолма-қол ақшасыз қаржы аударымдары айқын және процеске қатысушылардың тексеруіне қолжетімді. Төлемдер тікелей парк орталығындағы басты жүйе арқылы сол мезетте қадағаланып отырады.

Алдағы уақытта, бұл кодтар автобус паркіне тиесілі барлық автобус салондарына орнатылады. Әзірге №1, 14, 18, 11, 17, 30 бағытындағы автобустарда бар.

Электронды билет жүйесінің бұл түрі еліміз бойынша Қызылорда қаласында ең бірінші болып қолданысқа енгізіліп отыр. Дегенмен, әлі де жетілдірілу үстінде. Жоба сәуір айының екінші жартысынан бастап қолданысқа енгізілгенімен, халық жүйеге тез үйренді.

Айта кету керек цифрландыруға байланысты автобус паркіндегі жаңалық тек бұл ғана емес. Қазіргі таңда «Диспетчерлендіру» жобасы іске асырылып жатыр. Болашақта жолаушылар электронды карталарда («GoogleMap», «YandexMap» және т.б.) автобустың аялдамаларға жету уақыттары және келесі аялдамаға қанша минутта жететіні туралы ақпараттар көре алады.

Жүргізушілерге жол қағазы электронды түрде беріледі, бір айлық жүру және демалыс кестесі автоматты түрде бөлініп тұрады. Әр жүргізушінің өз магниттік картасы болады. Бұл картада GPS координаттары арқылы барлық ақпарат сақталыды. Сол ақпараттарды диспетчерлер қадағалап отырады.

Шынар БЕКБАН,  
«Сыр бойы».



# МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА ЖӘНЕ МҰСТАФА ШОҚАЙ

Ежелгі көрші Ресей мен Қазақстан қарым- қатынастары туралы сөз еткен- де кешегі патша өкіметінің отаршыл са- ясатынан қайшылықты жағдайлардың болғаны тарихтан белгілі. Бұл көбіне билік жүйесінің саясатынан туып жат- ты. Дегенмен, екі халықтың арасында жаңаша байланыстың, әрісі Батыстың, берісі Ресейдің озық мәдениеті мен ғылымының қазақ қоғамына игі ықпалының да болғанына көз жұмуға болмайды. Өткенге ой жібергенде Ре- сейде оқып, қызмет еткен қазақтың талай ардақтылары елінің ілгері жыл- жып, жаңаруына өлшеусіз үлес қосты. Бұған тарих та, бүгінгі күніміз де куә. Міне, осындай тұлғалардың бірі, Алаш қозғалысының оңтүстік қанаты – Түркістан ултазаттық қозғалысының жетекшісі Мұстафа Шоқай болатын.

Шынында да, Мұстафа Шоқайдың күреске толы ғұмырының алғашқы қадамдары сол кездегі Ресейдің бас қаласынан бастау алды. Бас-аяғы 6-7 жылға созылған Ресей орталығындағы кезек тәлім алатын, кейін әлемге танылған тұлғаның өмірінде ерекше із қалдырған өткен жолы еді.

Мұстафа Шоқай, ең алдымен, терең білімге ие болды, сонан соң сол кездегі орыс қоғамындағы демократиялық үрдістерді бойына сіңірді. Оның әлеу- меттік-саяси санасының өсе түсуіне және қоғамдық күрес сахнасына шығуына Ресейдің орталық аудандарында бірінші орыс революциясынан кейін құрылған саяси партиялар мен қозғалыстардың бағдарламаларымен жете танысуының, сол кездегі импе- рия орталығында орын алған күрделі саяси оқиғалардың әсері мол бол- ды. 1933 жылғы «Есімдігерлерден... (Ресейдегі түрік студенттер өмірінен) атты мақаласында Мұстафа Шоқай Ресейді реакция жайлаған 1910-1914 жылдары саяси бөі демоктулерге шық- қанын, көшелерде демонстрациялар жасап, студенттер арасындағы сая- си қозғалыстар ортасында болғанын жазған еді. 1912-1913 жылдардағы Түрік-Балқан соғысы кезінде патша үкіметінің славяншылдық саясатына наразылық білдірген шерулерге қа- тысып, Түркияны қолдауға белсенді атсалысады. Өзінің түркістандық досы Садық Өтегеновпен бірге Түркия ел- шілігіне қаржылы көмек те көрсетеді.

Мұстафа Шоқай студент кезеңі-ақ өз халқының басынан кешіріп отырған жағдайды жақсы білді, сонысымен қазақ зиялы қауымынатынас болды. Ол бір топ студенттермен бірге 1913 жылы ақпанда Орынборда шыпқақыс болып жатқан «Қазақ» газетіне қуаныштары қойындырына сыймай, басылымның «қадамы қайырлы, бауы берік, өмір жасы ұзақ болып, мақсұтқа жетпегіне тілектестіктерің» білдірген болатын. Сонымен қатар хат иелері қазақ жұр- ты үшін аса маңызды екі мәселені көтерді. Оның бірі – «Қазақ» газетін «бір жағадан бас шығарып, бір ауыз- дан сөз шығарып, жас та болса бастай көріп, халық ортасына «қарақшы» қылып, әркім шың көңілімен бата- сын беріп, халініне не көмегі болса тігізіп тұру. Өз сөздерімен айтқанда, қолқалары мынау: «Қазақ» газетіне «қаламмен жәрдем бере-тұғын мұ- сылманша оқыған құрбыларымыз бір нәрсе жазғанда басқа әріп, фарсы, ноғай қарындастарымыздың (қаңдас- тарымыздың деген мағынада – Ә.Б.) сөздерін; орысша оқығандарымыз орыс, яки, басқа Еуропа жұртының тілдерін орынсыз көп кірістірмей, өзіміздің қазақтың нағыз қара тілі- мен жазып тұрса, «Қазақ» қалың жұр- тымыздың оқып тұруына оңды, түсі- німді болар» деген пікір білдіріп, осыларды бас редактордың арқашан назарында алып жүруіне тілек айтқан еді. Осыдан кейінгі Петербургтегі түр- кі жастарының «Сиратель-Мустаким» (Тұра жол) жатқаушыларының жаңа әрекеттері туралы» үндеуінің де мәні зор. Бұл, бір жағынан, Мұстафа Шо- қайдың жасынан түріктілдік жастар- мен жиі араласқанын, пікірлес бол- ғанын көрсетсе, екінші жағынан, пат- шаға жағымпаз осындай бір топтың діни ұйымына қарсылығын білдіреді. Мұнда да діннің тазалығы әңгіме бо- лады. Осы екі материалдың өзi түркі халқының ұлы перзентінің болашағын айқындаған алғашқы нышандар деуге болатын.

Мұстафа Шоқайдың саяси-әлеу- меттік көзқарасының қалыптасуында Ресей империясының отаршылдық саясатының зорлық зомбылықтары бастан кешіріп отырған түркітөкес халықтардың, оның ішінде Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Мір- жақип Дулатұлы секілді Алаштың тұлғаларымен қарым-қатынастар, олардың ақыл кеңестері ерекше бол- ды. Әсіресе, 1905 жылдан бастап қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысын басқарған, Мемлекеттік Думаның мүшесі болған, қазақ ұлттық «Алаш» партиясының негізін қалаған, оның бағдарламасының авторларының бірі Әлихан Бөкейхан айрықша орын ала- ды. Бұған ұстазының «Ұлтқа пайдалы адам болғыңыз келсе, бөрінен бұрын орыс өкіметінің атамекеніміздегі жер саясатын мұқият зерттеп-үйренуге тырысыңыз. Сізге не істеу керектігін осы саясаттың өзі-ақ көрсетіп береді» – деген сөзінің өзі жетіп жатыр еді.

Университет қабырғасында жүріп- ақ қатарластарынан бөлек сергек сезімді, еңбекқор және парасат-пайым иесі Ресей мұсылмандары қоғамдық ұйымдары Орталық комитетінің жұмысына тартылады. Осы жұмыста жүргенде Мұстафа 1916 жылғы тамыз- да Мемлекеттік Думаның жанындағы Мұсылман фракциясының төрағасы Қ.М.Тевкелев жетекшілік еткен топ құрамында Шәкір Мұхамедияров Александр Керенскийлермен бірге Түркістан өлкесіне келіп, Самарқанд, Әндіжан, Қоқан, Ташкент уездерін және кейбір ауылдық жерлерді арал- лап, жергілікті жағдаймен жақсы танысады. Бұл Мұстафа Шоқайдың Мемлекеттік Дума жұмысына алғашқы қатысуы болатын.

Ресей патшасының 1907 жылдың 3 маусым күнгі жарлығымен қазақ сияқты «бұратана» халықтың Мем- лекеттік Думаға сайлану құқығынан айырылғандығы ұлтымыздың зиялы қауымын ойландырмай қоймады. Түркістан аймағынан 1916 жылғы сәуірдің басында Қожахмет Ораза- ев, Мұстафа Оразаев және Жүнісбек Баймөновтер «Қазақ» газетіне «Жұрт жақсыларына ашық хат» жа- зып, онда Мемлекеттік Думаның Мұсылман фракциясына жәрдем һәм жәрдемші мәселесін алғаш көтерген болатын. Олар Мемлекеттік Думада қазақтан депутаттың жоқтығын, өзге депутаттардың қазақ жайын жете білмейтіндігін, саны өте аз мұсылман депутаттарының жұмыстары аса көптігін айта отырып, ноғай туған- дарымыз да депутаттарының қасына жәрдемшіге кісі қосып жатқанын жазды. Түрлі мәселелер туып, басы- қасында кісіміз жоқ болып тұрған кез- де, қазақ жұмыстарын бірге кеңесетін ақылшы адам керектігін, ол үшін екі мың соң шығаруға уағда қылатынын, оны «Қазақ» басқармасына жіберетінін айтып және қазақ атынан фракцияда қызмет қылуға Әлихан Бөкейхановты қалайтынын білдіреді.

Мемлекеттік Думаның Мұсылман фракциясының бюросына Әлихан Бөкейханды жіберу мәселесі шешіліп, жұрт қаулы қылғанда екінші адам- ның баруын қаржы табылуына қар- қатқан еді. Бірақ та, көп ұзамай қар- жы табылғанымен, жергілікті жұрт- шылық оған кандидатураны атай ал- май тұрғанда бюродан хабар келеді. Онда екінші кісіге бюро адамдары студент юрист әрі мұсылман комитеті ашылғаннан бері сонда қызмет етуші Мұстафа Шоқайды лайықтап, оның бұл қызметке кәміл жарайтыны айтылған еді. Сондай-ақ, Әлихан Бөкейханның 1916 жылғы 31 қазанда «Қазақ» газетінің №203 санында жарияланған «Бюроға екінші адам қою» (IV-ші Думаның мұсылман фракциясындағы қазақ өкілеттігі турасында) атты қысқа хаба- ры да бұл кандидатураға автордың бей- жай еместігін білдіреді. Бұдан бұрын түркістандықтар Әлихан Бөкейханды бюроға қалағанда, ол өзінің Түркістан жағнының жай-күйіне аса жетік еместігін, сондықтан да осы өлкенің өзінен бір адамның болғаны жөн деген болатын. Әсілі, бюродағы бұл сөзді де ескерген болуы керек.

Мұстафаның бұл жұмысқа ұсы- нылуы жайдан-жай емес-ті. Канди- датура талқыланғанда оның Петер- буртта тұратындығы, бұл жұмысқа жан-жақты дайындығының барлығы, Түркістандағы жағдайды жақсы біле- тіндігі, Мұсылман комитетінде жұ- мыс істеп, бюроның келешек мүше- лерінің бірсыпыраларымен танысып, тапсырмаларын орындап жүргендігі ескерілген-ді. Осы кезде бір топ Петро- градтың қазақтар қол қойған «Бюроға екінші адам қою туралы» атты мате- риал жарық көреді. «Қазақ» газетінің №203 санында жарияланған хатта бюроға екінші адам керек болды деп, бюро адамдарының шақыруымен және «Қазақ» басқармасының ұнатуы- мен оған студент Мұстафа Шоқайдың кіріп отырғанын білгендерін, мұны жергілікті халықпен ақылдасапған- дарына және күні бұрын газет ар- қылы жария етпегеніне наразылық білдіріп, оның орнына кіргізуге бо- лар еді деп бірнеше сол кездегі қазақ қауымына белгілі кісілердің есімдерін атайды. Осылардың ішінде екінші Мемлекеттік Думаның депутаты болған инженер Мұхаметжан Ты- нышбаев та аталады, алайда ол бірде мұндай ұсынысқа Мұстафа Шоқайдың лайықты екен айтқан болатын. Ал хат соңында берілген редакциялық түсі- ніктемеде Мемлекеттік Думаның ашы- луы жақындап қалуына байланысты Мұсылман фракциясы және оның бю- росы қазақ облыстары мен Түркістан уалаятында болған уақиғалар жайы- нан көп материал жинақталып, мұны реттеу, басқару үшін қазақтан тағы да өкіл керектігін және оған Петроградта тұрған Мұстафаның жарайтындығын білдіріп, соны лайық көргенін жазды. Оның үстіне едәуір сома тапсырған түркістандықтар да Мұстафа Шоқа- йдың кандидатурасын қолдаған бо- латын.

Осыдан кейін Әмір Көтібарұлы, Қожақмет Оразаев, Өуез Досбо- лов, Қалжан Қоңыратбаев (белгілі әдебиетші Әубек Қоңыратбаевтың ағасы – Ә.Б.) «Бюроға екінші кісі

қою туралы» хат жазып, онда 1916 жылы жұрт Әлиханды қалағанда ол бұл жұмысқа Түркістанды білетін кісінің болғаны жөн дегеннен кейін өздерінің Мұстафамен хабарласып, бюрода қызмет етуін сұрағандарын, бірақ оның уақытынын жоқтығын ай- тып, оқуына байланысты ұсынысты қабылдай алмағанын, алайда биыл (1916 жылдың тамызы – Ә.Б.) депутат Мұсылмандар фракциясының бас- шысы Қ.М.Тевкелевпен бірге келген- де тағы жұрт болып, бюрода қызмет етуді сұрағанда оның «қолдан келсе, тартынбасыпн» дегенін жазады. Одан әрі өздері Мұстафаның Түркістан өлкесінің жай- жапсарын жақсы білетініне көздері жететінін, қажет бол- са, қаражат тауып та беретіндіктерін мойындарына алады. Кейінгі ұсыныс оқудың соңғы кездерінде әкесі Шоқай қайтыс болып, уақытша ауылға қайтуына байланысты университетті мерзімінен кештеу болса да бітірген кезінде болған еді.

Мемлекеттік Думадағы Мұсылман- дар фракциясы бюросында қызмет істей жүріп, Мұстафа Шоқай депу- тат-мұсылмандар мен фракция мү- шелеріне Түркістан туралы және өлкеге қатысты басқа да қажетті мате- риалдар, баяндама мәтіндерін даярлап береді. «Түркістан туралы материал- дар жинайтынмын әрі Мемлекеттік Думадағы мұсылман өкілдеріне Түркістанға қатысы бар, қажетті ма- териалдарды дайындап беретінім». Революция қарсаңында бітірген соңғы ісім – депутаттардың дула мінбесінен сөйлеуге қажетті 1916 жылғы Түркістан көтерілісі туралы материал әзірледім әрі мұсылман тобы атынан сойлейтін депутат Мұхамад Юсуф Жағыфардың сөзін жазып бердім» дейді қайраткер бұл жайлы.

Қазақтың атақты жазушысы Әнуар Әлімжанов өзінің 1991 жылы 24 және 31 мамыр күндері «Қазақ әдебиеті» газетінде басылған «Мұстафа Шоқай... Ол кім?» деген мақаласында осы өкілдік туралы айта келе: «Түркістан халықтарының теңдігі мен тәуелсіздігі үшін, оларды қорлық-зорлық пен ру- хана құлдықтан құтқару үшін аса зор жауапкершілікті арқалауға бар, бо- лып көрмеген қан шенгел құрылысқа қарсы ауыр да айрықша күрделі идеологиялық һәм саяси күресте басын тітуге азір тұғыры заңғар тұлғаның алдағы тағдырына арна тартқан» еді деп жазды. Шынында да, Мұстафа фракция мүшелерімен күнделікті араласып, олардың ой жиектерін байқап, өрістерін таниды, тымді ақыл- кеңестерін естіп, соған сәйкес әрекет етуге тырысады. Бұл жағдай оны сол кездегі Ресей орталығындағы барлық дерлік елеулі саяси оқиғалардан хабар- дар етті. Мұның тағы бір тағылымды жағы өз халқын азат ету басқа да түркітөкес езілген халықтарды пат- ша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы ұйыстырудың нәтижесінде ғана мүмкін екендігін түсінуі болды. Бұл болашақ ұлтшыл саясаткер үшін ерек- ше маңызды, айрықша мәнді жайлар болатын.

Мұстафа Шоқайдың қажырлы еңбегін, терең білімін, саяси сауат- тылығы мен ерекше іскерлігін бай- қаған мұсылман депутаттары оған өздеріне әріптес ретінде де қараған еді. Мария Шоқай өз естелігінде Мұстафа Шоқайдың түрік халықтарының саяси өміріне араласқанын айта келіп, оған Еділ таттарлары, Қырым татарлары, Кавказ халықтары, Орал баққұрттары түрлі саяси міндеттер жүктейтінін, оның бұл міндеттерді ылғи өте жақсы орындап отырғанын жазған бола- тын. Егер 1917 жылғы Ақпан төңкерісі болмағанда, Мұстафа Шоқайдың Мемлекеттік Думаға мүшелікке сайла- нуы да мүмкін еді. Патша жарлығына сәйкес, Түркістанның Думаға өкіл жіберуге рұқсаты жоқтығынан Мұстафаны Уфа уәлаятынан сайлау ойластырылған еді. Уфа уәлаятының помешигі, қазақ сұлтандарының бірі С.Жантөрин (Мемлекеттік Думаның мүшесі болған, белгілі саяси қайраткер – Ә.Б.) оған өз иелігіндегі жерін сый- ла, Дума мүшелігіне кандидатурасын осы өлкеден ұсынуға келісім берген болатын. Алайда жол басқа арна- мен тартты. 1917 жылғы наурыздың соңғы күндерінде Мұстафа Шоқай Ташкенттен желделхат алады. Онда өзінің Ташкентке шақырылғаны және жолда Орынборға өтетін Торғай об- лысы қазақтарының құрылтайына қатысуы керектігі туралы жазылды. Содан Мұстафа Шоқай Петербург- тан Орынборға қарай жол тартты. Оны басқа тағдыр, әлдеқайда күрделі Түркістан Мұқтарыятын құру тағдыры күтіп тұрған болатын.

Мұстафа Шоқайдың қажырлы еңбегін, терең білімін, саяси сауат- тылығы мен ерекше іскерлігін бай- қаған мұсылман депутаттары оған өздеріне әріптес ретінде де қараған еді. Мария Шоқай өз естелігінде Мұстафа Шоқайдың түрік халықтарының саяси өміріне араласқанын айта келіп, оған Еділ таттарлары, Қырым татарлары, Кавказ халықтары, Орал баққұрттары түрлі саяси міндеттер жүктейтінін, оның бұл міндеттерді ылғи өте жақсы орындап отырғанын жазған бола- тын. Егер 1917 жылғы Ақпан төңкерісі болмағанда, Мұстафа Шоқайдың Мемлекеттік Думаға мүшелікке сайла- нуы да мүмкін еді. Патша жарлығына сәйкес, Түркістанның Думаға өкіл жіберуге рұқсаты жоқтығынан Мұстафаны Уфа уәлаятынан сайлау ойластырылған еді. Уфа уәлаятының помешигі, қазақ сұлтандарының бірі С.Жантөрин (Мемлекеттік Думаның мүшесі болған, белгілі саяси қайраткер – Ә.Б.) оған өз иелігіндегі жерін сый- ла, Дума мүшелігіне кандидатурасын осы өлкеден ұсынуға келісім берген болатын. Алайда жол басқа арна- мен тартты. 1917 жылғы наурыздың соңғы күндерінде Мұстафа Шоқай Ташкенттен желделхат алады. Онда өзінің Ташкентке шақырылғаны және жолда Орынборға өтетін Торғай об- лысы қазақтарының құрылтайына қатысуы керектігі туралы жазылды. Содан Мұстафа Шоқай Петербург- тан Орынборға қарай жол тартты. Оны басқа тағдыр, әлдеқайда күрделі Түркістан Мұқтарыятын құру тағдыры күтіп тұрған болатын.

**Әбдіжәлел БӘКІР,**  
**саяси ғылымдарының докторы,**  
**профессор.**

**Мұстафа Шоқай Петербург университетіндегі оқуымен қатар Мемлекеттік Думаның Мұсылмандар фракциясы бюросының хатшысы болып қызмет атқарды. Думаға мүшелікке ие болу мүмкіндігі де туып еді, бірақ тағдыр оны бұйыртпады.**

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

Шет жұрттан қазақ даласына келген адам ұшы-қыры жоқ, аспанмен астасқан баябан даланы көріп, тілісіз сұлық жатқан меңіреу далаға адасып қалғандай күй кешері анық. Сырт көзге солай болар. Ал көзі қарақты жан әр төбесін түртіп қалса ескі көзе, құмыра, қыш кесектер сынығына кезігері сөзсіз. Одан әрі індете түссеңіз, өткен ғасырлардағы өркеніет орны қалаларға жетелей жөнелері тағы анық.

Өзіміз ғұмыр кешіп жатқан қазақтың кең сахарасындағы тұлпардың тұяғы мен түйенің табаны жазған тарих дастанының көмескі тартқан беті ашылып, зерделі жанға сырын ашар. Инемен құдық қазғандай шыдам мен біліктілік танытсаңыз, көшелері бау-бақшаға көмкерілген, көріз жүйесіне дейін сақталған қыштан қаланған әсем қаланың үстінен түскеніңізді білесіз.

Қазаға түсіп, хатталған тарихтан белгілісі, тарих осыдан он ғасырға жуық уақыт бұрын қазыналы қоныс болған мекен бүгінгі Қоғалыкөл ауылыын өркеніет көшінің ұлы жолына жалғап жатыр. Бұл Тораңғыл сай – Жаңадария мен Қожарық ортасында орналасқан шығыстан батысқа қарай бір, солтүстіктен оңтүстікке қарай біржарым шақырым жерді алып жатқан Баршынкент. Баршынкент бала кезімізде қой жайып жүріп қыш кесектерімен, оолы әшекейлі кесе сынықтарына қызыға қарап, мол қазынаға

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»

«Қазақстан тарихы»



**Асыл сөздің шебері, ақиқаттың жоқтаушысы, ақын Адырбек Сопыбеков аталық ақылын айтып, өскелең ұрпаққа тәлімін төгіп жүретін жан еді. Көп жылын баспасөз саласында өткізген ардақты азамат 2016 жылы өмірден өтті. 1967-1985 жылдарда облыстық «Ленин жолы» («Сыр бойы») газетінде әдеби қызметкер болып еңбек еткен ақынның есімі біздің бассылым үшін де қымбат. Жақында редакцияға облыстық мәслихат депутаты Жангелді Ысқаков А.Сопыбековтің Мұзарап Махмұтұлы жайында жазылған мақаласын алып келді. Тақырыбы өзекті осы мақаланы біз төл мерекеміздің тұсында өз оқырманымызға ұсынуды жөн деп білдік.**

Кейбір жандар күнделікті күйбек тірлігімен күн кешіп, өзінен тыс әлемнің құбылысына назар аудармайды, тіпті оның бар-жоғы ойына да кіріп-шықпайды. Онсыз да оның дүниесі түгел. Ал енді, кейбір адамдар күнделікті бірқалыпты тірлігін тиянақты атқаруымен қабат, өзінің өмір тіршілігінен тыс болып жатқан құбылыс-жағдайларды назардан өсте шығармайды. Тіпті, оның кейбір жағдайларын ақылына салып, ой елегінен өткізіп, сол мәселелерге өзінің араласып кеткенін де сезбей қалады. Онсыз оның жаны да тыншымайды. Міне, сондай «жаны тыншымайтын» азаматтың бірі Мұзарап Махмұтұлы.

Өз өлеңінде Мұзараптың: – О, тіршілік! Бірақ сәтте тоқтарыңды білсең сен, Мүмкін сонда өз сабаңа түсер ме ең? Алдау, арбау, өз-өзіңе күнестік, Сол ортада тартысумен бірге өстік.

Ей, адамзат! Алла берген ғұмыр бұл, Өзің салған, өзің жүрген жолың бұл. Көре тұрып, көрмеу деген сұмдық қой. Біле тұрып, білмеу деген қорлық бұл, – дейтіні де сондықтан. Мұзарап Махмұтұлы өзінің «Мақтай отырып, даттамасаң қайтеді» деген мақаласында (Халықаралық «Қазақстанның ғылыми мен өмірі» журналы, №3-4 2012 ж.) Сәбит Мұқановтың 110 жылдығына орай «Түркістан» газетінде шыққан Амантай Кәкеннің «Бар қазақтың жүрегіне қай тапқан» деген мақаласын орынды сыңға алған. Өйткені, Амантай Кәкен Сәбит Мұқановты мақтағымын деп отырып, оның бағыда айтып кеткен сөздерін тауып алып, қазақтың маңдайалды азаматтары Д.А.Қонаевты, М.Әуезовті, Қ.Сәтбаевты, Ғ.Мүсіреповті Сәбит Мұқановтың тілімен қаралаған. Осыған ызасы келген Мұзарап өз мақаласының соңында: «Құрметті әдебиетсүйер қауым, қазақта «Өзіңді өзің жаттай сыяла, жат бойынан түңілісін» деген ұлағатты есн бар. Сол айтқандай, С.Мұқановтай өліне белгілі азаматты 110 жылдығында еске алғанда Ғабитпен айттырмай-ақ, Мұқтар мен Қанышты қайта-қайта қап-қара, сүп-сүр деп жамандаптай-ақ, келелі де мазмұнды шығармаларымен, замандас жолдастарымен қарым-қатынастағы жағымды жақтарымен жеткізуге болмас па еді?»

### «ЕҢБЕК ЖОЛЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНКУРСЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек қоғамына қарай жырмыа қадам» атты бағдарламалық мақаласын іске асыру мақсатында Мемлекет басшысының 2013 жылғы 22 қарашадағы Жарлығымен Еңбек күні мерекесі жарияланған болатын. Осыған орай, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі «Еңбек Жолы» республикалық конкурсының басталуын жариялайды.

Конкурсқа кәсіпорындардың барлық жұмыскерлері қатыса алады.
**Конкурс 3 номинациядан тұрады:**
1) «Ең үздік еңбек әулеті» – марапаттар саны ең көп, еңбек өтілімі ең ұзақ, көп мүшелі әулет таңдалады;
2) «Өндірістің ең жас жұмыскері» - еңбек өтілімі 5 жылдан астам, өндірістің ең еңбекқор

және белсенді жұмыскері таңдалады;

3) «Жұмыс істеуші жастардың ең үздік тәлімгері» - еңбек өтілімі 20 жылдан кем емес, аса тиімді тәлімгер таңдалады.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер **2018 жылдың 14 маусымнан 2 шілдеге дейін** қабылданады. Конкурсқа құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілінде ұсынылады.

**Қажетті сұрақтармен келесі мекен-жай бойынша хабарласуға болады:** Аудандық және қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері. Барлық ниет білдірген тұрғындарды және барлық меншік нысанындағы ұйымдардың еңбек ұжымдарын аталған конкурсқа қатысуға шақырамыз.

**Конкурсқа қатысу үшін төмендегідей құжаттар қажет:**
1) конкурсқа қатысуға номинациясы көрсетілген өтініш;

Ей, досым! Бәріне де шүкір делік. Жақсы да, жаманы да болар серік. Масайрап, мастанбаудың жолын ізде, Ойлап қой, бұл жалғаның бір-ақ күндік, – дейдіақын. Мұзарап бұл өлеңінде тәубеге, шүкіршілікке шақырады, бұл жалғанда пенде екенінді есіңе салады.

Мұзарап тірліктегі кемшілікке кеңшілікпен қарамайды. «Жемқор мен парақор» деген өлеңінде екеуін де өткір тілмен сойып салады.

# МҰЗАРАП – ЕЛ АҒАСЫ, АРДАГЕР АЗАМАТ

Жемқор – мал, не жесе де тоймай-тұғын, Дорбаның түбін теспей қоймай-тұғын. Қарыны жарылардай шермисе де, «Бере бер, жей берем» деп жалмай-тұғын, – деп жемқорды дорбаның түбін түскенше жей беретін малға теңейді.

Ал, парақорды: Парақор – өңес адам арды ойламас, Қанталап екі көзі жанын қоймас. Там-тұмдап әрен жинап беріп тұрсаң, «Бұның не, осы-ақ па?» деп қарар қиғаш, – деп арды ойламай, екі көзі қанталап ала бергісі келетін парақордың бейнесін айнытпай суреттейді. Бұл екеуінің қасиетін Мұзараптан артық айта қою да қиын.

Мұзарап өзінің «Мінез» деген өлеңінде: Бойыңа келер мінез тектілікпен, Жеттім деп сен ойлама ептілікпен. Жеңіл ой, таяз мінез пенделерің, Жүреді нәрлі сөзді ұқпай тіптен, – дейді де, сол мінезбен адам қасиеттердің қалыптасатындығын көрсетеді. Ал, бұған: Адамдық қасиеттерің – Ар мен Ұят, Парасат – бойыңдағы, ол да қымбат. Жарасып тұрар бойда асыл мінез, Бергендей қуат саған Сыр мен Сымбат, – деген өлең шумағы дәлел. Мұзараптың «Ғасырлар үні», «Адам тіршілікте», «Өзіңдей біл өзгені», «Ағала-сыр», сондай-ақ «Өмір-өзен» циклід (топ-тама) өлеңдері оқыған жанның ойын толқытып, мына дүниеге бей-жай қарауға болмайтындығын көрсетеді. Сен де сол дүниенің бір бөлшегі екендігің үқ-қандайсың, Сені сондай ой-сезіміме бөлейтіндігі, бұл – Мұзараптың ақындық шеберлігі.

Мұзарап Махмұтұлының өмір жолы – ғибратты жол. Білімі жоғары, қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Мемлекеттік университетінің экономика-жоспарлау факультетін ойдағыдай тәмамдаған. Еңбек жолын 1965 жылы Жаңақорған ауданындағы «Красная звезда» кеңшарында қатардағы есепшіден

бастап кейін бас экономист, «Төменарық» кеңшарында бас есепші қызметтерінде болса, 1980-1990 жылдары «Алмалық» кеңшарының директоры болып абыройлы қызмет атқарды. Бұдан кейінгі жылдары аудан әкімінің экономика, финанс, сауда салалары жөніндегі орынбасары болды. 1994-1999 жылдары «Жұлдыз», «Алмалық» кооперативінің шаруашылығын басқарса, кейін аудандық ауылшаруашылық бөлімінің экономика жоспарлау жөніндегі орынбасары болып, ал 1999-2008 жылдары ауданның «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар» бөлімінің басшысы болып абыройлы қызмет атқарды. Кезінде республикалық ауыл шаруашылығы министрлігінің штаттан тыс ревизоры да, аудандық соттың 5 жыл кеңесшісі де болды. Ауылдық, аудандық кеңестің бірнеше рет депутаты болып сайланды. Қоғамдық жұмыстарға белсенді араласты. Еткен еңбегі жоғары бағаланды. «Еңбек ардагері», ҚР Тәуелсіздігінің мерекелік медальдарымен марапатталды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Алғыс хатына» екі мәрте ме болды. Жаңақорған ауданының құрметті азаматы. Васқа да облыс басшыларының марапаттары аз емес. Ауданның экономикасын және мәдениетін көтеруге Мұзарап Махмұтұлының қосқан үлесі мол.

Мұзарап Махмұтұлы зейнеткерлікке шыққанымен, қол қусырып үйде босқа отырған жоқ. Ол Жаңақорған кенті ардагерлер кеңесінің төрағасы. Ауданда өтіп жатқан сан салалы іс-шараларға араласып жүреді. Ұзақ жыл абыройлы қызмет атқарған, көргені көп, түйгені мол Мұзарап Махмұтұлының 2014 жылы Алматының «Қазығұрт» баспасынан «Жүректің көзі – өмірдің айнасы» атты естеліктер кітабы шығып, оқырмандар қолына тиді. Алғысөзін заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстанның криминологтар клубының президенті, заңгер-жазушы Есберген Алауханов жазған. Мұзарап Махмұтұлының бұл естеліктер кітабы тартымды тілмен, жүйелі оқиғалармен, бейнелі көріністермен жазылған. Бұл кітапта автордың өңегелі өмір жолы мен қызметі ғана емес, сонымен бірге сол кезеңдегі ауданның тыныс-тіршілігі де, кейбір тұлғалардың образы да көрініс тапқан. Сондықтан да кітап қызықты оқылады. Автор қазір мұның екінші кітабын жазу үстінде.

Өңегелі өмір жолы, зерделі ойы, адами қасиеті мол Мұзарап – ерекше жаратылған жан.

**Адырбек СОПЫБЕКОВ,**

**Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның Құрметті журналисі, Қызылорда облысының құрметті қайраткері, Жаңақорған ауданының Құрметті азаматы.**

### Хабарландыру

«ТҚШ ҚазОрталығы» АҚ, көппөтелді тұрғын үйлерді жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру, жалпы үйлік жылуды есептеу құралдарын орнату, тұрғын үй көмегін алу, кондоминиум объектісін тіркеу, Өңірлерді дамытудағы 2020 жылға дейінгі бағдарламасы аясында «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заң нормаларын түсіндіру мәселелері бойынша 8-8000-8000-12, телефо- ны бойынша (Қазақстан бойын- ша қоңырау шалу - тегін) Колл орталығының жұмысын жүргізеді. Жұмыс уақыты: сағат 9.00-ден бастап 18.30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі-жексенбі.

## Хабарландыру

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы об- лыс тұрғындары үшін АҚПАРАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ УСЫНАДЫ. Кәсіпкерлерді ақпараттық қамту қыз- меті әрекет етуші және қасиеті жаңадан бастаған кәсіп- керлерге, сонымен қатар кәсіпкерлік бастамасы бар тұр- ғындарға облыстың барлық аудандарында орналасқан Кәсіпкерлерді қолдау орталықтарында көрсетіледі.

Келесідей қызмет түрлері ұсынылады:

1) Орта және шағын кәсіпкерлікті, кәсібін жаңадан бастағысы келетін тұрғындарды мемлекеттік қолдау жайлы ақпараттандыру;
2) Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдаудың «Бір терезе» ұстанымы негізінде мемле- кеттік қаржылай емес көмек түрі;
3) Орта және шағын кәсіпкерлік, жаңадан баста- латын кәсіпкерлік субъектісіне мемлекеттік қаржы- лай емес көмектік функционалды түрде жүзеге асыру;
4) Қаржылай емес көмекті алу үшін шағын және орта кәсіпкерлерден және кәсіпкерлікті жаңадан бастағысы келетін тұрғындардың арызын жинау;
5) Кәсіпкерліктен айналысу үшін, оны ашу және жүргізуге кеңес беру қызметі;
6) Қаржылық институттарымен жұмыс жасау та- лаптары түсіндіріледі.

ҚЫЗМЕТТЕР АҚЫСЫЗ ТҮРДЕ КӨРСЕТІЛЕДІ. Жоғарыда көрсетілген қызмет түрлерін Қызылорда қаласы, Өйтеке би, 28 мекен-жайында орналасқан Қызыл- орда облысының кәсіпкерлер палатасынан алуға болады.

Облыс аудандарындағы Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы филиалындағы Кәсіпкерлікті қол- дау орталықтарында №1 және №4 қызмет түрлері, ал қалған қызмет түрлері кәсіпкерлер өтініші бойынша құрылған кестеге сәйкес көрсетіледі.

Кәсіпкерлікті қолдау орталықтарының мекен- жайлары:

Арал ауданы – Арал к., Бактыбай батыр к-сі, №46 үй, тел.: 8/72433/79199;

Қазалы ауданы – Өйтеке би кенті – Өйтеке би к-сі, №9 үй, тел.: 8/72438/79243;

Қазалы ауданы – Қазалы қаласы – Жалаңтөс баһадүр к-сі, №23 үй, тел.: 8/72433/79199;

Қармақшы ауданы – Жосалы кенті, Көшербаев к-сі, №36 үй, тел.: 8/72437/79120;

Жалағаш ауданы – Жалағаш кенті, Қазыбек би к-сі, №47 үй, тел.: 8/72431/79199;

Сырдария ауданы – Теренөзек кенті, Қонаев к-сі, №12 үй, тел.: 8/72436/79179;

Шнелі ауданы – Шнелі кенті, Рысқұлов к-сі, №5 үй, тел.: 8/72432/79255;

Жаңақорған ауданы – Жаңақорған кенті, А.Иманов к-сі, №134 «а» үй, тел.: 8/72435/79120;

Қармақшы ауданы – Байқоңыр қаласы, Абай даңғылы №16, тел.: 8/33622/23527.

Анықтама үшін телефон: 40-08-74, 40-02-02. Call-Center - 1432.

**ТҮҒАН JERIN ТҮЛЕТКЕНДЕР**

# БЕЙНЕТТЕН ҚАШАЛҒАН БЕЙНЕ

**Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс.**

**Н.НАЗАРБАЕВ.**



Дүбәкір шалдың үш ұлы болған, үлкені Бедер дүниеден ертеректе кет-кен. Екінші ұлы Ибадулла әкеміз өмір бойы темір тартпті теміржолда еңбек етті. Жұмадiлдә осы жұрт ошағының оты боп жанып, жылуы болып тараған жан еді. Дүбәкір шалдың осы екі ба-ласы ашаршылық жылдары Арқадан Сырға келіп паналаған талай ағайынға қолындағысын бөліп беріп, қамқор болды. «Еңбегіңді ем, еліңе сен» де-ген әке өсиетін екеуі де ешқашан естен шығармады.

Соғыс сурапылы басталғанда Жү-мекең отыз бірдегі жалынды жас бола-тын. Майданның ыстық өтінде, Волго-градты қорғауға, Украинаны азат етуге қатысты. Соғыс солдаттарының өзтілімен

айтқанда, «по-пластунски» Берлинге дейін барды. Ауылдың ақы тілемейтін, атақты дәреже санамайтын кеңқолды адамы жауын-жер кезінде алған барлық медальдары мен ордендерін жорықта жеті рет жараланып, оқ пен от ішінде жүріп жоғалтып алыпты.

Елге оралған жауынгер Жұмадiлдә еңбеккер Жұмадiлдәға ай-налып, күндіз-түні өзі қолымен құрған колхоздың жұмысынан қол үзбей, сол кездегі ең беделді атақтың бірі «Құрметті колхоз-шы» атанды.

Бұрынғы «Қызылорақ» пен «Жаңатұрмыс» қосылып, Киров атындағы колхоз болып қайта құрылған өткен ғасырдың елуінші жылдары Жұмадiлдә Дүбәкірұлы қырық жастағы жігіт ағасы еді. Жұртты жаңа қонсықа көшіріп әкелу, егіске жер ашу, арық қазу, малға жай салу, жайылым алу, көше жүргізу, тал егу – осы жұмыстардың бәрі сол азаматтардың ұйқы мен күлкіні тәрк еткен маңдай терімен жасалды. Бүгінгіге ояң сияқты сезілуі мүмкін, ол кездегі жұмыстың бәрі қара күшпен атқарылатын, арқамен тасылып, қолмен қайылатын.

Қазіргі қомақты қаржы бөліліп техникамен салынатын бөгеттерді Жұмадiлдә әкеміз бастаған жігіттер кетпенмен үйіп көтерді. Бүгінде Қызылорданың әуежайы қасында өткен күндердің сырын бүгіп сол бөгеттер әлі бұйығып тұр.

Бүгінгі Ж.Маханбетов ауылының тұрғындары, кешегі күннің кұздары Майлытон Тілепбаев, Бақытжан Жақыпов секілді кісілер «1950 жылдары шаруашылық бригадирі Ж.Дүбәкіровтің күршітен алған өніміен жоғары өнім болып еді» дейді. Жұмадiлдә әкеміздің осы еңбегі еленіп, Кенес үкіметінің жоғарғы марапаты «Ленин» орденін омырауға таққан.

Талай жасты еңбекке баулып, егінің қыр-сырына үйретіп, оларға ағалық танытып, үлкен тастағарға жеткізген ісін ауыл іші осы бүгінге дейін аузынан тастаған емес. Ешқашан аулан түспеген, ол кісіні іздеген адам түнде де үйіне емес, егіс басына барған. Өйткені зайыбы Шаштығұл аңамыз да ерінің көмекшісі болып, үнемі қасында жүрген.

Қазір Тасбөгет қыстағында тұратын Ертай Жұмадiлдәұлы әкесі туралы былай дейді: «Әкем көп әңгіме айтпайтын, азаннан қара кешке дейін колхоздың жұмысында жүретін. Үй ішінен сирек көретіміз. Бір күні жуынбақ болып шешініп жатқанда көзім шалып қалды, денесіне жапсырылып бір қалта тұр, оны жіппен мойнына асып алыпты. Сөйтсем, ол партия билеті екен. Көрдіңіз бе, сонда партбилетін өмірбойы бөйтұмар қылып өткен ғой. Денесінде алынбаған оқ жарқыншақтары болатын. Соның сыздағанына қанша жыл бойы қалай шыдаған, ойласаң қайран қаласың. Сол қорғасын оқтың жарқыншақтары өзімен бірге кетті».

1970 жылы зейнетке шыққан соң да Жұмадiлдә Дүбәкірұлы бейнеттен босадым деп демалмады. Ауылдың барлық тіршілігіне бас-көз болып, елдің берекесін ұйытып отырған ақсақалдың біріне айналды.

Пайғамбар жасына жетіп, ақырғы сапарына аттанды. Ар-тында жақсы ұрпағы, игі ісі қалды. Бейнесі бейнеттен қашалған жанның ел-жұртқа жасалған жақсылығы мен сіңірген еңбегі ұрпақ жадында жаңғырып тұра бермек.

**Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,**  
**«Сыр бойы».**

## БАЙҚАУ!

**Құрметті облыс тұрғындары!** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті «Отан отбасынан басталады» атты байқау жариялайды.

Байқауға сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда неғұрлым тиімді тәсілдерді білдіретін жеке немесе ұжымдық жұмыстар қабылданады. Олар сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті, парасаттылық қағидаттарын нығайтуға ықпал ететін ертегілер, өлеңдер, суреттер, бейнеролик-тер, ойындар немесе басқа да шығармашылық жұмыстар болуы мүмкін.

Байқауға қатысу үшін жұмыстар 2018 жылдың 1 маусымы мен 5 қыркүйек аралығында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінде Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі №1 қа. 106 мекен жайында қабылданады. Ақпарат үшін байланыс құралы: 8 (7242) 70-25-20, эл.мекен-жай: apvo.kzo@mail.ru.

### Ризашылығымызды білдіреміз

Сыр еліне белгілі азамат, тәжірибелі ұстаз, ардақты бауыр, асыл әкеміз Әбдікалыков Иса Жақыпұлы үстеміздіт жылдың 17 маусым күні мезгілсіз өмірден озды. Киналған сәтте жанымыздан табылып, қайтымызды бөлскен барша ағайын-туыс, құда-жекеат, қызметтес кісілерге, жора-жолдастарына, шәкірттеріне отбасымыздың атынан ризашылығымызды білдіреміз. Отбасы-ларына аمانдық, дендеріне саулық, жұмыстарына табыс тілейміз.

**Әбдікалыковтар отбасы,**

Қызылорда қаласы.

#### Көпсалалы «Ұлағат Қызылорда» колледжі

«Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында жұмысын мамандарын даярлау бағыты бойынша 9-сынып негізінде төмендегі мамандықтарға тегін (грант) оқуға қабылдайды.

| р/с | Мамандық                  | Біліктілігі                | Оқу мерзімі | Оқушы саны |
|-----|---------------------------|----------------------------|-------------|------------|
| 1   | 0513000 «Маркетинг»       | 0513032 «Бақылаушы-кассир» | 2 жыл 10 ай | 25         |
| 2   | 0518000 «Есеп және аудит» | 0518012 «Бухгалтер»        | 2 жыл 10 ай | 25         |

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 64. Байланыс тел.: 23-79-40, 23-11-61, 87754457814, 87474198458.

(ҚР Басін және ғылым министрлігінің Басін және ғылым саласындағы бақылау комитеті Қызылорда облысының Басін саласындағы бақылау департаментінің 2013 жылдың 18 наурызында №13015769 лицензиясы берілген)

### Хабарландыру

ҚР Экологиялық кодексінің 57-бабы талаптарын орындауда «Қазгермұнай» БҚ» ЖШС төменде көрсетілген жобаларға:

• Жобалық тереңдігі 1950 м болатын Оңтүстік Ақшабұлақ кен орнындағы пайдалану ұңғымалары құрылысының топтық техникалық жобасына;
• Жобалық тереңдігі 1900 м болатын Орталық Ақшабұлақ кен орнындағы пайдалану ұңғымалары құрылысының топтық техникалық жобасына» арналған «Қоршаған ортаға тигізетін әсерін бағалау» жобаларын мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуге ҚР Энергетика министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша экология департаментіне жіберілетінін хабарлайды.

«Қазгермұнай» БҚ» ЖШС (жобалаушы – «Каспиймұнайгаз» ГЗН» ЖШС).

### КІРІПШІ САТЫЛАДЫ


Қызылорда қаласында украиналық құралмен жабдықталған М-125 маркалы қатпарлы кірпіш сатылады. Байланыс тел.: 8 701 335 96 50, 8 777 058 24 69.

(6-2)





www.syrboyi.kz



№90 (19573)  
21 маусым, бейсенбі  
2018 жыл

«QAZAQSTANNYŇ KIELI JERLERINIŇ GEOGRAFIASY»

# СОРТӨБЕДЕН БАСТАЛҒАН САПАР



**Облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының ұйымдастыруымен «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы аясында «Ұлы дала елі» тарихи-танымдық кіші экспедициясы өз жұмысын бастады.**

Экспедицияның басты мақсаты – ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»

мақаласында атап өткен аймақтағы тарихи-мәдени мұраларға саяхат жасау, ортағасырлық қалалар, сондай-ақ, археологиялық ескерткіштер мен кесенелер тарихымен танысу, аудандардағы түрлі этнос өкілдері арасында қарым-қатынас орнату, танымдық тәжірибе алмасу болып табылады. 50 адамнан құралған топтың құрамында «Қоғамдық келісім» КММ директорының орынбасары Асылбек Жұмабаев, аудандардағы белсенді

этнос өкілдері, ғылыми-сараптамалық топ пен сарапшылар клубының мүшелері бар.

Тарихи-танымдық саяхат Қармақшы ауданы, Жосалы кентінен батысқа қарай 12 шақырым қашықтықта орналасқан Сортөбе қалашығынан басталды. Қалашықтың нысаны төрт-бұрышты, кіреберісті екі жақтан қорғайтын және бұрыштық мұнарасы бар мекеннің қабырғаларының биіктігі – 2, ені – 6-8 метр. Сырдарияның жағасында орналасқан бұл қалашықтың сауда жолын реттеп тұратын сауда порты болуы да мүмкін. Бір айтарлығы, қалашықтың 30-40 проценті ғана сақталған. Қалашықта зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатқан Қорқыт ата атындағы ҚМУ «Археология және этнография» ғылыми зерттеу орталығының жетекшісі, т.ғ.к. Әзілхан Тәжекеев Сортөбе жайлы жаңаша мәліметтермен бөлісті.

Экспедиция мүшелерінің келесі аялдамасы Оғыз мемлекетінің рухани астанасы – Жанкент қалашығы. Азия мен Еуропаны байланыстырған Ұлы Жібек жолы бойындағы ежелгі шаһар орта ғасырлардан сақталған. Қызылорда облыстық тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау мекемесінің ғылыми қызметкері, тарих магистрі Еркебұлан Елеуов экспедиция мүшелеріне Жанкент қалашығы жайлы қызықты, әрі құнды мағлұматтармен таныстырды.

Жанкент қалашығынан кейін экспедиция құрамы Қазалы ауданында орналасқан Ғани Мұратбаев музейіне

аялдады. Көрнекті қоғам қайраткері, Қазалы өңірінің даңқты перзенті, Орталық Азия мен Қазақстан жастар қозғалысын ұйымдастырушыларының бірі, Шығыс жастарының көшбасшысы – Ғ.Мұратбаев жайлы аталған музей қызметкері Ақерке Бердібай тың деректер айтты.

Саяхатшылар Әйтеке би кентінен батысқа қарай 4 шақырым жерде орналасқан Жанқожа батыр кесенесіне аялдады. Кесене 1992 жылы өзінің бүкіл өмірін Арал маңы қазақтарының тәуелсіздігі жолындағы күреске арнаған Жанқожа Нұрмұхаммедұлының құрметіне қойылған.

Топ мүшелерінің соңғы аялдамасы Қармақшы ауданы, Жосалы кентінен солтүстік-батысқа қарай 18 шақырым жерде орналасқан Қорқыт ата мемориалды кешені болды. Онда қобызды бейнелейтін төрт элементтен тұратын, әр тарапқа қаратып тұрғызылған құлпытастарға ұқсас стелла, қошқар мүсіні, оңаша тілек тілейтін жерасты мінәжат үйі – қылует, сондай-ақ, көне Рим дәуіріндегі архитектуралық құрылыс үлгісінде салынған түрлі ойындар мен сайыстарды тамашалауға арналған амфитеатр орналасқан. Экспедиция мүшелері 3 экспозициялық залдан тұратын музей ғимаратымен танысып, ондағы Қорқыт өмірі мен мәдениетінен сыр шертетін құндылықтар мен жәдігерлерді тамашалап, естелік суретке түсті. Музейде Қорқыт өмірі дәуірінің тарихи мен мәдениетінен сыр шертетін құнды жәдігерлер сақталған.

Осылаша, тарихи-танымдық саяхатқа қатысқан экспедиция мүшелері өңірдегі мәдени ескерткіштерді тамашалап ғана қоймай, тың деректерге де қанықты.

**М.ОТАРАЛЫ.**

## ЖАСТАРДЫҢ ЖАРҚЫН ІСТЕРІ

**Пайғамбар жасынан асқаннан кейін өткен өміріңді зерделей отырып, бүгінгі күндеріңді ой елегінен өткізіп, ауылдың тыныс-тіршілігіне көз жүгіртсең, жасалып жатқан игі істерге қуанып, бойың бір сергіп қалады. Әрине, біз жасымыз келгеннен кейін, кейінгі ұрпақтарымыздың дұрыс азамат болғанын тілейміз. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген ғой. Жаңақұрылыс ауылдық әкімшілігі жанынан құрылған Жастар ұйымының жарқын істерін көпшілікке айтуды жөн көріп, қолыма қалам алдым. Жақсы істерді айтпас бұрын, жас буынға тәрбиелік мәні бар сөздерді айтып кетуді мақұл көрдім.**

Қазір отбасында ата-аналар жастарға үлкен кісілерге кездескенде өзін бұрын сәлем бер, кездескен адамдармен сәлемдесуді дағдыға айналдыр, олардың алдынан кесіп өтпе, алдына түспе, үлкендердің ықыласы мен батасын, ризалығын алуға тырыс, жұрт алдында әдепті бол, жақсы мінез-құлқыңмен өзгелерге өнегелі әсер қалдыр, көптің ортасында өзмің білгермендікке салынба, дөрекі мінез, дөң айбат көрсетпе, қайырымды, мейірімді, кішіпейіл, кешірімді, ата-анаң мен ел жұртыңа, отаныңа адал бол деген тәрбие сөздерін қайталап айтса деймін. Жас буын, жас шыбықтай иілгіш те, жазылғыш та болады, жақсы сөз, жақсы тәрбие алған бала дұрыс әсіді, келешегі кемел болады.

Отбасында да өзіңе ұнамаған жан туралы балалардың көзінше өңгіме қылудың қажеті жоқ, жаман сөзді естіп, өскен бала, сол адамды жек көреді, онымен қоймай, қатар баласы болса, сонымен кектенеді, достығы ажырайды. Қайта жек көрген адамның болса да оның жақсы жағын айттып отырсаң, ол үлкен сауап және балаларыңа жақсы тәрбие деп білемін. Іштарлық, қызғанықтық, көре алмаушылық опа бермейді. Әрине ақыл айтудан аулақпын, өмірден көрген-білгенімізді және үлкен абыз ақсақалдардан естігенімізді кейінгі ұрпақтарға айту – парызымыз. Осындай ұлағатты сөздерді естіп, ата-

аналарының қабақтарына кір шалдырмай ауылдың мақтанышына айналған ауыл жастарының ауылына жасаған игі-істерін тілге тиек етпеймін.

Жастар ауылдың тыныс-тіршілігіне, қандай жұмыстар болмасын, белсене араласып келеді. Әрине, біз оған алғысымызды айта отырып қуанамыз. Мысалы, ауыл ішінде әкімшілік ғимаратының алдында үлкен саябақ ашып, 180 түп тал егіп, жөлаушыларға автобус күтетін жаңа аялдама салып берсе, өткен жылы, ауылға кіреберіс жерге, көрнекті арқа орнатты, биыл ауыл ортасындағы паркке орналасқан Ұлы Отан соғысынан оралмағандарға қойылған ескерткішті заман талабына сәйкес жаңартып салуды жоспарлап отыр. Бұл айтылған нәрсенің бәрі қаражатысыз бітпейді. Жастар өздері қаржы жинап, әр жылда туған жеріне бір игі іс жасауды жоспарлаған. Биыл Наурыз мерекесінде ауыл жастары тағы да ұйымшылдық танытты. Жұырда өмірден өткен ата-бабаларға арнап орталық «Өтеш ахун мешітінде» ас берді. Жастардың осы жарқын істері көпке үлгі боларлықтай.

**Сердалы ШАЛБАЕВ,**  
**Жаңақұрылыс ауылдық әрдагерлер кеңесінің төрағасы.**  
Арал ауданы.

## САПАЛЫ БІЛІМГЕ САНАЛЫ ҚАДАМ

Еліміздегі іргелі оқу орындардың бірі – С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті. Ол Орталық және Солтүстік Қазақстанның ең ірі аграрлық және Астана қаласындағы ауылшаруашылығы бағытында кәсіби маман дайындайтын алдыңғы қатарлы білім ордасы. Бастауын 1957 жылдан алатын Ақмола ауыл шаруашылығы институты ауыл балаларынан жоғары дәрежелі мамандар даярлау мақсатында ашылған. Қазіргі таңда бұл білім ұясы зерттеу университетіне айналып, тек солтүстік өңірдің ғана емес, сонымен қатар, республиканың ғылыми-оқу орталығы болып қалыптасты.

Институттан ғылыми университетке айналып, заман талабына сай бейімделген оқу орны елдің түрлі саладағы агроөндірістік кешені үшін 60 мыңнан астам маман даярлады. Олар ел эконо-



микасының дамуына үлес қосып келеді. Сондай-ақ, 30 елдің жоғары оқу орны С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің серіктестері болып отыр.

Университеттің бұғанасы бекіп, ауқымы кеңейе бастағанын шетелдермен орнатылған байланыс деңгейінен де байқауға болады. Бір ғана мысал ретінде, аграрлық саладағы әлемдік жетекші зерттеу университетінің бірі – Калифорния университетімен ынтымақтаcа жұмыс жасайтынын атап өтуге болады. Бүгінде екіжақты байланыс орнатылып, тиісті мамандар даярлануда, жаңа білім беру бағдарламалары жасалуда. С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті – Ұлы Хартия университеттерінің толық құқылы мүшесі. Бұл

– өз кезегінде оны біртұтас еуропалық білім беру кеңістігін қалыптастыруда негіз бола алады деген сөз. Қазіргі уақытта АҚШ, Ұлыбритания, Қытай, Ресей, Белоруссия, Алмания, Малайзия, Италия, Израиль, Моңғолия сынды 20-дан астам елдің жоғары оқу орындарымен және ғылыми-зерттеу орталықтарымен тығыз серіктестік орнаған. Бұл мемлекеттерде университеттің 500-ден астам оқытушылары мен студенттері ғылыми тағылымдамадан өтіп, білімдерін жетілдіруде.

Біздің университетімізде теориялық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар, алған білімді тәжірибелік тұрғыдан да жүзеге асыруды үйрететін жоғары білікті оқытушылар жұмыс жасайды. Оқытушылар тәжірибе алмасып, білікті маман даярлау мақсатында шет елдегі

әлемдік жетекші оқу орындарына жиі барады. С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде сапалы білім алу үшін барлық жағдай жасалған. Атап айтқанда, бай кітап қоры бар кітапхана, интернет клас-тар, спорттық кешен, студенттік ем-хана және дәріхана. Студенттердің шығармашылық үйірмелерге қатысуға толық мүмкіндіктері бар. Олар: «Ақ желкен» студенттік театры, «Қыз-ғалдақ» және «Шаттық» би, вокалдық ән және «Шабды» аспаптық ансамбльдері мен әскери кафедра.

Оқу сапасы және білім берудегі қызметті көтеру мақсатында озық технологиялар басшылыққа алынған. Университеттің тиімді қызмет етуін үздіксіз дамыту арқылы студенттердің білім сапасын жоғарылату мен білім берудегі алдыңғы қатарлы отандық және шетелдік ұйымдармен тығыз қарым-қатынас орнату да назардан тыс қалмайды. Атқарылған жұмыстардан өрлеу динамикасын байқауға болады. Алда үлкен міндеттер тұр. Білімді ұрпақ тәрбиелеп, болашаққа бағдар берудің өзі – тағылым. Сол қастерлі мақсаттың биігінен көрінуге ұмтылып, арман қуған жастарды білім нәрімен сусындатып, киелі оқу ордасының бөделін арттыруға қызмет ету – басты мақсат.

**Б.РУСТЕМБАЕВ,**  
**«Маркетинг және сервис» кафедрасының меңгерушісі,**  
**з.ғ.д., профессор,**  
**Н.ҚАСҚАТАЕВ,**  
**з.ғ.к., доцент,**  
**Ж.МҰХТАРОВА, ассистент.**



МАҰСЫМ

## Жаз жайнатып, күн күлдіріп...

**Ойын баласына жазғы каникулдың басталғанынан артық қызық болар ма? Балдан тәтті балалық шақ кімнің де санасында тәтті естелік ретінде сақталып қалары анық. Ал жазғы лагердің орны тым ерекше екендігі ешқандай талас тудырмаса керек.**

Осы тұрғыда Арал ауданында да көптеген игі істер жүзеге асуда. Жалпы, «Қызылорда облысының 2018 жылға арналған балалардың жазғы каникул кезеңінде сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету» жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес оқушылардың демалыс мезгілдерін тиімді қолдану және денсаулығын, шығармашылық еңбегін, қабілеттілігін арттыру үшін барынша жағдай жасау мақсатында білім беру мекемелерінде 1-10 сынып аралығындағы 15053 баланы сауықтырумен, үйірмелермен және жұмыспен қамту жоспарланған.

Табиғаты көркем Қамбаш көлінің атағы әмбеге аян. Осы көл жағасында

орналасқан облыстық «Қамбаш» олимпиадалар және қосымша білім беру орталығына 600 бала, мектеп жанындағы күндізгі лагерлерде 2189 бала жалпыға бірдей міндетті оқу қоры есебінен қамтылады. Мектептердегі шатырлы лагерлерге, ауданнан тыс жерлерге, көркейту-қоғалдандыруға, «Жасыл ел» жасағына ақылы жұмыспен, экскурсияға, аулалық клубтарға, мектеп жанындағы лагерге жазылғандар да көбейген. Барлық орта және негізгі мектептердегі күндізгі лагерлер, «Қамбаш» олимпиадалар және қосымша білім беру орталығы халықаралық балаларды қорғау күні мерекесі күні өз жұмыстарын бастап та кетті.

Жазғы сауықтыру лагерлеріне алғашқы кезекте ата-ана қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған, мүмкіндігі шектеулі балалар, көпбалалы және қолайсыз отбасы балалары қамтылуда.

«Қамбаш» лагерінде қазіргі таңға бірінші ауысым бойынша 140 бала тынығуда. Орталықта мектеп мұғалімдерінен жасақталған педагогикалық топ жұмыс жасайды. Сон-

дай-ақ, аудандағы күндізгі лагердегі балаларға мәдени-тарихи құндылықтар зор өлкетану және балықшылар мұражайына экскурсиялар, орталықтағы жабық бассейнге бару ұйымдастырылуда. Бос уақытты тиімді ұйымдастыру мақсатында барлық мектептерде балалардың қызығушылығын танытатын мектепшілік, Оқушылар үйі жанындағы үйірмелер өз жұмыстарын жалғастыруда.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Жас тарихшылар» үйірмесі жетекшілерінің бастамасымен «Туған өлкем – түнған шешірем» тақырыбында тарихи жерлерді ұрпаққа таныттыру үшін жасалған саяхат тартымдылығымен есте қалды. Үйірме мүшелерінің саяхатты көршілес Қазалы ауданының Әйтеке би кентіндегі Жанқожа баба кесенесінен бастау алып, Ғ.Мұратбаев мемориалдық музейіне жалғасты. Оғыз мемлекеті астанасы – Жанкент шаһарындағы Аспан асты музейімен танысып, Қорқыт ата атындағы университетінің ұстаздарының зерттеу жұмыстарын көрген оқушылар еркін пікір алысты. Мұнан

соң Әйтеке би кентіндегі Жалаңтөс баһадүр кесенесіне, «Бегім Ана», «Асан-дар көтерілісі» ескерткіштеріне тағзым еткен ескелен буын алуан дерекке қанықты.

Қызылорда қаласының 200 жылдығына орай Қорқыт ата кесенесіне барған шәкірттер өздеріне рухани азық алса, облыстық тарихи-өлкетану мұражайына экскурсия жасап, Арал теңізіне сұта шомылып, Көкарал биігінен маңайға көз тастап, туған дала тарлауын жүгендеді. Ақмола облысына аз қамтылған, көпбалалы отбасынан шыққан оқушылар саяхат жасады, мұндай жағымды жаңалықтар алдағы уақытта жалғасын таппақшы.

Сонымен бірге аудан, облыс көлемінен тыс жердегі лагерлерге балалардың тынығуына «Лотон-Маркет» ЖШС облыстық мәслихат депутаты Қадірбергел Бедермен өзге де азаматтардың жеке қаражатынан демеуші болғанын естігенде көңілімізді ризашылық сезімі кернеді.

**Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,**  
Арал ауданы.

Кезекші редактор **Айнұр БАТТАЛОВА.**

Меншік иесі



**жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

**БАС ДИРЕКТОР**  
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**

қабылдау бөлмесі  
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

**БАС РЕДАКТОР**  
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**

қабылдау бөлмесі –  
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43  
Жауапты хатшы – 70-00-81

**Бөлімдер:**  
руханиат және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41  
экономика – 70-00-41, 70-00-68  
әлеумет және саясат – 70-00-73  
жарнама – 70-00-49, 70-00-52  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,  
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет  
(сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.  
Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифициатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
«АҚ» - ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды.  
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

**Таралымы 30315**  
**Тапсырыс №963**

**Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".**

**e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz**